

АШЫҒЫН



№3(157)
НАУРЫЗ 2021 ЖЫЛ

**В ХРУПКИХ РУКАХ –
ВЕЛИКАЯ СИЛА**



**БЕРЕКЕ-БІРЛІКТІҢ
МЕРЕКЕСІ**



**НА НИХ СМОТРЕЛА
ВСЯ СТРАНА**





ҰЛЫ ДАЛА ӘСКЕРІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ!

Республикалық әскери-сараптамалық журнал

АІВҮН

2021

МАЗМҰНЫ:

8 МАРТА – МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖЕНСКИЙ ДЕНЬ
В ХРУПКИХ РУКАХ – ВЕЛИКАЯ СИЛА.....4

НАУРЫЗ - ЖЫЛ БАСЫ
БЕРЕКЕ-БІРЛІКТІҢ МЕРЕКЕСІ.....8

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
**БІТІМГЕРШІЛІК МИССИЯСЫН ОРЫНДАУҒА
 ӘРДАЙЫМ ӨЗІР**.....12

МИРОТВОРЧЕСКАЯ МИССИЯ
НА НИХ СМОТРЕЛА ВСЯ СТРАНА16

АРМИЯНЫҢ ГҮЛІ, ОТБАСЫНЫҢ НҰРЫ
АНТҚА АДАЛ, СЕРТКЕ БЕРІК ЖАНДАР22

АТАУЛЫ КҮН
ӘСКЕРИ-ТЕҢІЗ КҮШТЕРІНЕ 28 ЖЫЛ26

ТАҒЫЛЫМ
**МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ – ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ
 ТАРИХИ МАҢЫЗЫ**.....28

СТРАНИЦЫ ИСТОРИИ
И НА ФРОНТЕ, И В ТЫЛУ.....30

АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ
БАСТЫ МІНДЕТ – ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚ.....34

АІВҰН

Республикалық әскери-сараптамалық журнал

БАС РЕДАКТОР
Батырхан Қуатбек

БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ
Тимур Аубакиров

РУКОВОДИТЕЛЬ
ПРОЕКТА SARBAZ.KZ
Тимур Кубеков

БӨЛІМ МЕҢГЕРУШІСІ
Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР
Адил Шеримбетов

ТІЛШІЛЕР
Рима Әбеуова
Алия Майсеитова
Меруерт Сафаева
Нариман Дюсенов
Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ

ФОТОТІЛШІ
Ағыбай Аяпбергенов

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:
«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС
Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы,
Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
тапсырысы бойынша
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды
және авторларға қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және
даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы 30 сәуірде
№5341-Ж куәлігі берілген
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.
Таралымы 892 дана. Тапсырыс №3



Мұқабадағы сурет авторы **Юрий КИМ**

В ХРУПКИХ РУКАХ – ВЕЛИКАЯ СИЛА

На протяжении всей истории Великой степи женщины не раз доказывали, что обладая качествами настоящих воинов, могут наравне с мужчинами исполнять свои воинский долг, защищая родные земли.

В современной казахстанской армии нет ни одного вида войск, где бы не служили женщины. Даже самые сложные, казалось бы, мужские военные профессии – по плечу защитницам Родины. Женщины не хуже, а в некоторых случаях и лучше мужчин выполняют свои обязанности и зачастую способствуют укреплению дисциплины на военной службе, создают в коллективах атмосферу поддержки, взаимного уважения, любви и гармонии.

Гордые владительницы казахских степей

В истории нашей страны женщины всегда занимали высокое положение в обществе. Им доверяли управление в сражениях и решающих моментах в истории. Пожалуй, одной из самых известных является сакская царица Томирис. В те непростые времена именно ей



предстояло противостоять великому предводителю Киру II Великому, жаждавшему полной власти.

Томирис – царица массагетов, потомок скифского вождя Ишпакая, правнучка скифского царя Мадия. С самого детства ей был знаком звон оружия и военных битв. Вместе с отцом ей не раз приходилось спасаться от погони.

Став полновластной правительницей Великой степи, Томирис столкнулась с большим количеством проблем, вызванным походом царя Кира, покорившего до этого много стран. В одном из сражений он убивает мужа Томирис Рустама и пленит ее сына Спаргаписа, который погибает в плену. После сражения «Властитель Азии» (титул царя Кира) послал к царице Томирис посла с письмом, в котором выражалось предложение выйти за него замуж и объединить два народа в один. Также царь Кир отметил, что скорбит о потери сына. Гордая царица ответила отказом, клятвенно пообещав напоить врагов кровью.

Она сдержала свое обещание, разбив персов. Примечательно, что в решающей битве принимали участие женщины сакского племени, ставшие одним из победных факторов для саков. В истории этот бой остался под названием «самый жестокий и великий бой» (Геродот). Отец истории отмечает, что на поле боя погибли все персы, вклю-

чая и царя Кира. Сакское племя нанесло сильный удар военному авторитету Персии.

Отомстив за смерти мужа и сына, Томирис вернула долг царю Киру. Своим поступком она навсегда вошла в историю нашей страны. Ее железный характер и авторитет стали примером для будущих владителей Великой степи Казахстана.

Яркой исторической фигурой в истории является и царица Зарина, плечом к плечу с мужчинами воевавшая против врага.

В борьбе с джунгарами участвовали Айтолкын, дочь султана Абылая, Есенбике, дочь Карасай батыра, Айбике, дочь Буланбай батыра и многие другие. Известно, что Гаухар, жена Кабанбай батыра, возглавляла разведывательный отряд. Она участвовала во всех крупных сражениях. Впоследствии, став матерью, отправила на войну свою старшую дочь Назым.

Герои на все времена


Одним из важнейших исторических периодов, когда женщины проявили свои сильные качества, стали годы Великой Отечественной войны. В 1941 году с учетом чрезвычайных обстоятельств было принято решение о массовом наборе женщин в Красную Армию. Великая Победа стала историческим рубежом в судьбах всего человечества.



В период тяжелых испытаний весь народ в едином порыве сплотился против врага. Несовместимые доселе понятия «женщина» и «оружие» слились в одно.

Для фронта было подготовлено 300 тысяч медсестер, 300 тысяч санитарок, 222 тысячи снайперов, связисток и других специалистов. Женщинами укомплектовывались не только отдельные подразделения специальных родов войск; из них были сформированы отдельная женская добровольческая стрелковая бригада, отдельный женский запасной стрелковый полк, а также несколько истребительных и бомбардировочных авиационных полков. В Великой Отечественной войне принимали участие почти 800 тысяч женщин-военнослужащих. За мужество и героизм свыше 150 тысяч женщин награждены боевыми орденами и медалями, 90 из них стали Героинями Советского Союза.

История запомнила множество подвигов бесстрашных девушек-воинов из Казахстана. Их сила и мужество остаются бессмертным заветом современному



поколению.

Алия Нурмухамбетовна Молдагулова (1925-1944) служила в 54-й отдельной стрелковой бригаде 22-й армии 2-го Прибалтийского фронта, ей было посмертно присвоено звание Герой Советского Союза (1944). На счету Али Молдагуловой 78 уничтоженных солдат и офицеров противника.

Алия Нурмухамбетовна воспитывалась в ленинградском детском доме. После нескольких месяцев осады в марте 1942 года ленинградский детский дом был эвакуирован в село Вятское Ярославской области. После чего Алия поступила в местную среднюю школу, по окончании 7-го класса которой решила поступить в Рыбинский авиационный техникум, на специальность «холодная обработка металла». Однако уже через три месяца она подала заявление в РККА с просьбой отправить ее

на фронт.

27 ноября 1942 года Алия Молдагулова попала в первый набор Центральной школы инструкторов снайперской подготовки, располагавшейся в подмосковном поселке Вешняки. Из воспоминаний Н. А. Мотвеевой, также ученицы данной школы: «17 декабря 1942 года я впервые встретилась с Алией в горисполкоме города Рыбинска. В то время она еще выглядела совсем еще юной девчонкой-подростком, ей было 17 лет. Но Алия настойчиво добивалась, чтобы пойти добровольцем на фронт. Меня с Лией (так я называла ее) по роте зачислили в четвертую группу, как самых низкорослых. После этого началась учеба в снайперской школе. Учились метко стрелять, ползать по-пластунски, быть незаметными для врага. В учебе Алия проявила настойчивость в овладении снайперским делом». В снайперской школе Алия была награждена именной винтовкой за отличную стрельбу».

По окончании школы курсантки приняли военную присягу и уже в июле того же года были направлены на фронт. Алия попала в 54-ю отдельную стрелковую бригаду. Одна из ее однополчанок Я. К. Прокопенкова так вспоминает хрупкую девушку, пришедшую на фронт: «В августе 1943 года к нам в бригаду прибыла снайпер Алия Молдагулова. Хрупкая и симпатичная девочка из Казахстана. Ей было всего 18 лет, но к октябрю месяцу на ее счету было 32 убитых фашиста».

Батальон, где служила Алия, нес

большие потери. Однако снайпер из Казахстана успешно несла службу, став одним из лучших снайперов батальона.

В январе 1944 года началась Ленинградско-Новгородская наступательная операция, задуманная с целью унич-



тожения всей группы армий «Север» и полного снятия блокады Ленинграда. На освобождение Ленинграда выдвинулась также 54-я отдельная стрелковая бригада, целью которого был прорыв обороны в районе железнодорожной станции Насва. В составе данной группы была и Алия Молдагулова, которая вела прицельный огонь из траншеи, уничтожив 10 бойцов. Но, к сожалению, саму Алию настигла пуля немецкого солдата, который последним усилием девушки был отомщен. Доблестной дочери казахского народа не стало 14 ян-





варя 1944 года. Для советского командования не остались незамеченными подвиги юной девушки: 4 июня 1944 года Алие Молдагуловой было присвоено звание Героя Советского Союза по-

смертно. Кроме того, на месте ее гибели в городе Новосокольники был воздвигнут памятный мемориальный комплекс.

Маншук Маметова (1922-1943). До начала войны Маншук окончила 2 курса

медицинского института в Алма-Ате. 13 августа 1942 года ушла добровольцем на фронт в составе сформированной в Алма-Ате 100-й казахской отдельной стрелковой бригады. Сначала ее определили писарем в штабе, а затем медсестрой в полевом госпитале. В свободное время подробно изучала конструкцию пулемета «Максим», так как Маншук мечтала стать пулеметчицей.

В середине ноября войска Калининского фронта, в которых воевала Маншук Маметова, вели бои за город Невель Псковской области. Немецкие соединения раз за разом переходили в атаку, чтобы остановить наступление советских войск. К тому моменту благодаря своему упорству Маншук добилась своего, став пулеметчицей и в эти тяжелые дни помогала отражать немецкие атаки. В результате яростного огня расчеты двух советских пулеметов были уничтожены, в живых осталась только Маншук. Увидев, что она одна, немцы начали наступать с разных сторон. Для того, чтобы как-то контролировать направления немецкого





наступления ей пришлось стрелять сразу из трех пулеметов. В результате столь неравного боя Маншук была ранена в голову и потеряла сознание, очнувшись от торжествующих криков подступающих к ней немцев. Отважная девушка нашла в себе силы открыть огонь из пулемета. В этом бою она уничтожила 72 противника.

Маншук Маметовой было посмертно присвоено звание Героя Советского Союза.



Хиуаз Доспанова (1922-2008) - бесстрашная казахская летчица, о подвигах которой стало известно только по окончании Великой Отечественной войны. Она была одной из 115 девушек-летчиц, вошедших в состав единственного в истории СССР женского авиационного полка, сформированного из легких бомбардировщиков. Подготовка девушек заняла всего несколько месяцев, и уже в мае 1942 года летчицы приступили к боевым вылетам. Девушки были настолько неуловимы, что немецкие солдаты дали им прозвище «Ночные ведьмы». На счету бесстрашной Хиуаз Доспановой, штурмана-снайпера полка более 300 боевых вылетов.

За храбрость и отвагу в годы ВОВ летчица была награждена Орденом Красной Звезды. Орденом Отечественной войны 2-й степени, Орденом Красного Знамени, медалями «За оборону Кавказа», «За освобождение Варшавы», «За победу над Германией» и другими боевыми наградами.

Любая профессия по плечу

В Вооруженных Силах Казахстана на

воинской службе состоят более семи тысяч представительниц прекрасного пола, 913 из них – офицеры, в том числе 20 полковников. Около пяти тысяч женщин работают в качестве гражданского персонала.

Женщины в казахстанской армии с каждым годом укрепляют свои позиции. Уже давно они перестали быть только юристами, финансистами, телефонистами и психологами. Сфера деятельности многих из них вышла за рамки «женских» профессий. Они пилотируют самолеты, несут службу на кораблях, метко поражают цели из снайперской винтовки. Есть среди них и те, кто выполняет особую миссию миротворчества

Полковник Диля Ахметова, майор Шолпан Тауишова, капитаны Айжан Жасузакова и Римма Шакеева внесли свой вклад в поддержание мира и безопасности.

Первой женщиной-миротворцем в 2018 году стала майор Шолпан Тауишова. В течение года она проходила службу в Западной Сахаре в качестве военного наблюдателя ООН. В феврале 2019 года ее сменила капитан Айжан Жасузакова.

Полковник Диля Ахметова была направлена в Ливанскую Республику в качестве штабного офицера в составе Временных сил ООН в Ливане.

Роль женщин в составе миротворческой миссии очень сложно переоценить. Наравне с сослуживцами-мужчинами и в тех же условиях они показывают высокий профессионализм, участвуя во всех областях деятельности.

Майор Шолпан Тауишова признается, что приступая к миссии, чувствовала волнение и большую ответственность.

– Мне представилась возможность испытать собственные силы, возможности, больше узнать о миротворческих миссиях. В обязанности входило патрулирование территории, наблюдение за соблюдением соглашения двух стран. Участие в миротворческой миссии значительно расширило мой кругозор в вопросах помощи и экстренного реагирования. Поэтому могу с уверенностью



сказать, что опыт, который я приобрела в Западной Сахаре, мне очень помог, - рассказывает Шолпан.

Участие женщин в миротворческих операциях в разы повышает их эффективность и результативность. Их миссия – укрепление доверия и содействие в предотвращении и смягчении конфликтов. Они также являются образцами для подражания для прекрасной половины человечества, показывая пример того, как нужно отстаивать свои права и строить карьеру в непривычных для женщин профессиях.

Майор Шолпан Тауишова уверена, что главная задача женщин-миротворцев – завоевать сердца людей, используя мощное оружие – доброту и человечность. А их у казахстанских женщин достаточно.

И это всего лишь малая часть примера того, как женщины на высоком уровне, наравне с мужчинами исполняют свой профессиональный военный долг. Они успешно доказывают, что служба в Вооруженных силах по силу целеустремленным, уверенным в себе и сильным девушкам.

Нариман ДЮСЕНОВ

Береке-бірліктің мерекесі

Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады.

(ҚР Президентінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласынан)

Ғасырдан ғасырға жеткен ұлы мейрамымыз – Наурызды ата-бабамыз сән-салтанатымен ерекше қарсы алатыны тарихтан мәлім. Тәуелсіздікпен бірге жаңғырған бұл мерекені біздің халық естен шығармай атап өтіп жүр. Тек кейінгі жылдардағы әлемдік пандемияға байланысты көпшілік ортада атап өту қиынға соққаны болмаса, одан қол үзіп жатқан ұрпақ жоқ.

Тарихы терең төл мереке

Тарихи мәліметтерге сүйенсек, адамзат пен күллі табиғаттың жаңаруына дейінгі салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптарды, жөн-жоралғыларды, наным-сенімдерді қамтыған Ұлы мейрамның 2500 жылдық жазбаша тарихы бар.

Әз-Наурыз – Шығыс елдерінің отырықшы халықтарының, егінші жұрттардың мейрамы және біздің көшпенді бабаларымыздың ортақ мерекесі.

Бағзыда грек тарихшыларының Александр Македонский (б.з.д 356-323 жж.) көрген Самарқандағы ұлан-асыр Наурыз мерекесі жайындағы жазбаларында: «Самарқан алаңында өткен Наурыз тойында Күнді бейнелейтін 365 түрлі киім киген адам мен Түнді бейнелейтін 365 түрлі киінген адам сырнайлатып-кернейлетіп бір-біріне қарсы жүрді. Бұл көрініс – күн мен түннің теңелуі» деп жазылған екен. Яғни, осындай Наурызды көрген Александр Македонский Шығыстың, Орталық Азияның ілкідегі мейрамына куә болғандығы ұлы мейрамның көнеден келе жатқандығын дәлелдейді.

Тағы бір дәлел – шығыстың Әбу

Райхан Бируни, Омар Хайям, Махмұд Қашқари және тағы да басқа ертедегі ғұламалардың шығармаларындағы Наурыз мейрамы, оны сол кездегі халықтың

қалай тойлағаны жөнінде деректердің барлығы.

Ескі замандардан жеткен аңызға жүгінсек, Наурыздың ғажайып әсері әлсізге – қуат, зағипқа – шуақ, жауласқандарға – келісім, ел ішіне береке-бірлік, мамыражай тірлік алып келеді. Осыған дейінгі бүкіл қиындық пен келеңсіздік артта қалады. Көңілдегі кірбің атаулы шайылып, әркімнің жан сарайына жаңа бір нұр енеді. Бабаларымыздың ұғымынша, әр адамның ең әуелі ішкі дүниесі жаңаруы шарт. Сонда ғана шын мәнісіндегі жаңа күн туады. Яғни, Наурыз – адамзат бойындағы ізгілік пен шынайылық, мейірімділік пен жанашырлық тәрізді адами асыл қасиеттерді оятуға





бағытталған ұлы шара.

Мәселен, осы Ұлыстың ұлы күнінде жарлыны тойындырып, жалаңашты киіндіру, жоқ-жітіктерге, жетім-жесірлерге қолұшын беру өте сауапты, игілікті істердің бірі болған, мұқтаж жандарға көмектесу үлкен мәртебе саналған. Сөйтіп, дәулетті, бай адамдар бұл күні жұртқа қайырымдылық жасап, «Атымтай Жомарт» атанған.

Бұрындары табиғаттың тылсымы мен ғалам ғажайыптарын терең ұғына білген ата-бабаларымыз бұл күнді бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойлаған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтарға жақсы өнеге қалдыруды ойлаған. Содан да болар, «Қасиет дарып, дуалы сөзімнің шипасы тисін» деген мақсатта келер ұрпаққа көнекөз қариялар бата беруді де ұмыт қалдырмаған.

Міне, Наурыздың осындай айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-

салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдары жетерлік. Оның барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдыққа, көргенділікке, ізгілік пен білімділікке баурайды. Сондықтан да, жаңғыру мерекесін ел болып сағына күтудің мәнісі осында.

Небір алмағайып замандардың өзінде жақсылықтан үмітін үзбей, келер күнге үміт артқан дана халқымыз қашан да Ұлыстың ұлы күніне қатысты наным-сенімін жоғалтпағанмен, қоғамдағы солақай саясаттың кесірі оған салқынын тигізбей қойған жоқ.

Тарихымыздағы XX ғасырдың орта тұсында Кеңес Үкіметінің солақай саясатының салдарынан Наурызда құран оқылмаса да, діни мереке ретінде танылып, оны 1926 жылдан бастап атап өтуге тыйым салынғаны бар.

Дегенмен де атадан балаға мирас болған мейрамға тыйым салынса да, халқымыз ел ішінде оны естен шығармауға, мерекелік мәні мен

мағынасын жоғалтпауға тырысты. Ескінің көзін көрген қарияларымыз ауылдық жерлерде қыстан аман-есен шыққан ауылдастарын аралап, амандығын білуді, жастарды ертіп алып, бұлақтың көзін ашып, тал егіп, еңбекке баулып, бірлік пен тірлікте өмір сүруге, жұртты ынтымақтастық пен бауырмалдыққа баулуды ұмыт қалдырмаған. Ел арасында осылай аталып өтетін мереке араға 62 жыл уақыт салып, ауыл-аймақта ғана емес, барлық аймақта қайта жаңғырды.

Бұл арада мерекенің араға 62 жыл салып, халықпен қайта қауышуы халқымыздың біртуар перзенттері Мұхтар Шаханов пен Өзбекәлі Жәнібековтің есімдерімен байланысты екенін естен шығармалық.

Сөзімізге дәлел болсын, 1988 жылдың басында, қазақтың ақиық ақыны Мұхтар Шаханов Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г.Колбинге арнайы хат жолдап, Наурыз мерекесін қайта жаңғыртуды өтінеді. Ол хаттағы мәселені Г.Колбин



Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросында қарағанда, бұл ұсынысты екі-ақ адам қолдайды. Оның бірі сол кездегі Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Назарбаев, екіншісі – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеологиялық хатшысы Ө.Жәнібеков.

Бюро мүшелері «Наурызды ислам дінінің қалдығы» деп тарихты білмей қолдамағандықтан, Колбин «Наурыз мерекесін тірілтуге мүмкіндік жоқ» дегенді жеткізеді. Соған қарамастан,

ақын алға қойған мақсатынан таймай, Абайдың «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққандығы туралы» еңбегін тауып алып, Колбиннің алдына қайта барып, Наурыз мерекесі ислам дінінен бұрын өмірге келгендігін, одан бұрын тойланғандығын дәлелдеп, ақыры келісімін алады.

Ал 1988 жылы ақпанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы қызметіне сайланған Ө.Жәнібек Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының пленумында

сөз сөйлеп, ол елдің рухани өмірінде кең өріс алған қазақтың ұлттық қасиеттеріне, өмір салтына, оның ішінде Наурыз мерекесінің мән-мағынасына кеңінен тоқталып, оны жарыссөзге шыққан жазушылар мен әдебиетші-ғалымдар қостап, халқымыз ежелден мейрамдап келген Наурыз мерекесін қайта жандандыруға белсене кірісіп кетеді.

Сөйтіп, бар-жоғы бір айға жуық уақыт қалғанына қарамастан, сол 1988 жылы Алматыда және Жамбыл ауданында, ал 1989 жылы еліміздің барлық облыстарында есте қаларлықтай қызығы мол, өрісі кең, халықтық сипатта өтеді.

Міне, сол 1989 жылдан бері Наурызымыз қайта түлеп, қайта түрленіп, ел ортасында есте қаларлықтай ерекше тойлана бастады. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Ұлыстың ұлы күнін мемлекеттік деңгейде барлық қалаларда, облыс, аудан орталықтарында, ауылдарда бүкілхалықтық мереке ретінде атап өтілуде.

Бүгінгің Наурызы

Естеріңізде болса, 2008 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Наурыз мейрамын жаңа тұрғыда мерекелеу қажет екенін айтқан болатын. Мемлекет басшысының осы бастамасына байланысты Парламентке депутаттар





2009 жылы 4 наурыз күні «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» қолданыстағы Заңға өзгеріс енгізуді көздейтін заң жобасын мақұлдады. Кейін Сенат қарап, қабылданған Заңға Қазақстан Президенті қол қойды. Сол Заңға сәйкес мемлекеттік мереке Наурыз мейрамы бір күннің орнына үш күн бойы, яғни, 21-22-23 наурыз күндері мерекеленетін болды. Жалпы БҰҰ Бас Ассамблеясы тарапынан халықаралық мейрам деп танылған әз-Наурызды біздің ел ғана емес, Шығыс халықтары да әспеттеп, ерекше түрде атап өтеді.

Елбасының игі бастамасын бүгінде ел Президенті қолдап, ежелгі мейрамның мағыналы болуына күш салып жатыр. Бәрімізге мәлім, жыл басында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Наурызды жаңаша атап өту қажеттігін айтты.

«Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байла-

нысты қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Біз көпәтностық сипатымызды артықшылығымызға айналдыра алғанымыз анық. Көптеген шетелдік сарапшылардың елімізге қатысты «Еуразиядағы шырпы тисе лап еткелі тұрған қурай», «failed state» сияқты болжамдарын жоққа шығардық. Бұл жолда тыныштық пен тұрақтылықтың бастауы болған Қазақстан халқы ассамблеясы тиімді жұмыс атқарды», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы «Ешкімді ұлтына қарап, бөле-жарған жоқпыз. Бәрінің өсіп-өнуіне толық жағдай жасадық, бірдей мүмкіндік бердік. Біздің ұлтаралық келісім саясатымыз әлемді мойындатты. Халқымыздың осындай ырыс-ынтымаққа негізделген жарасымын бағалай білуіміз керек», - дей келе, бұл кемел келешекке бастайтын бірден-бір дұрыс жол екенін айтты. «Сондықтан, ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың міндеті.

Түптеп келгенде, еліміздегі

тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз. Осы орайда, халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осылай деген Президент Наурыздың әр сәті елге пайдасы тиетін, ұрпаққа өнеге болатын игілікті іске ұласуға тиіс екенін айтып өтті.

Иә, Наурыз – тағылымы мол ұлық мейрам. Осындай шаттық пен ынтымақтастық мерекесінен еліміздің Қорғаныс саласы да тысқары қалмай жатады. Жыл сайын әр әскери салалар мен әскери бөлімдерде Наурыз мерекесін насихаттайтын іс-шара кеңінен ұйымдастырылып өтіп жататыны – соның айғағы.

Қазір қашықтықтан (онлайн, сақтық режимде) іс-шаралар ұйымдастырылып өтіп жатқанмен қалыпты жағдайға келгенде көппен бірге қарсы алатын күндер болатыны айғақ. Сондықтан көңіліміз түспей, ертеңімізден жақсылықтар күтейік. Төрлет, жыл басы әз-Наурыз! Бақ-берекелі, ырыс-құтты болғай!

Рима ӘБЕУОВА

БІТІМГЕРШІЛІК МИССИЯСЫН ОРЫНДАУҒА ӘРДАЙЫМ ӘЗІР



«Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы уақытша күштеріндегі» (UNIFIL) үндістандық батальонның құрамында 2020 жылдың тамыз айынан бастап міндетін атқарған қазақстандық бітімгершілік полкінің төртінші ротасы Ливан Республикасынан елге оралды. Оның құрамында «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының 20 әскери қызметшісі тұңғыш рет бітімгершілік миссиясына қатысты.

«Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы уақытша күштері» (UNIFIL) – бұл БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 1978 жылғы 19 наурыздағы № 425 қарарына сәйкес Оңтүстік Ливанда, Израильмен шекарада орналастырылған және әрбір жарты жыл сайын уақытша мандатпен ұзартылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік күштері. Біріккен Ұлттар ұйымының бейбітшілікті сақтау жөніндегі Қарулы күштері бітімгершілік жөнінде уағдаластық жасалып, бейбітшілік туралы келісімдерге қол қойылмай тұрған күрделі кезеңдерде жағдайдың шиеленісуіне жол бермеу жолында қажырлы еңбек еткені үшін 1988 жылы Нобель сыйлығына ие болған.

2018 жылы тамыз айында Қазақстан мен Үндістан арасындағы «Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы уақытша күштеріндегі» (United Nations Interim



Force In Lebanon – UNIFIL) үндістандық батальон құрамында қазақстандық бітімгершілік контингентін бірлесіп өрістету туралы меморандумға қол қойылды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы миссиясына Қазақстанның өңірлік қолбасшылықтары мен десанттық-шабуылдау әскерлерінің 120 әскери қызметшіден құралған алғашқы бітімгершілік ротасының қатысуы 2018 жылдың қазан айынан басталды. Қазақстандық бітімгершілік полкінің екінші және үшінші роталары да «Үнді батальоны құрамында қазақстандық бітімгершілік контингентін өрістету тәртібі туралы» Қазақстан мен Үндістан Үкіметі арасындағы өзара түсіністік туралы келісімнің негізінде үндістандық батальонның (Үндбат) құрамында алты ай бойы өз миссиясын орындады. ҚР Қорғаныс министрінің 2019 жылдың 20 желтоқсандағы бұйрығын орындау үшін «Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы уақытша күштері» миссиясына төртінші құрама бітімгершілік ротасының әскери қызметшілерін сапалы дайындау мақсатында ҚР ҚК ҚӘ ДШӘ қазақстандық бітімгершілік полкінде «Шығыс» өңірлік қолбасшылығынан бір топ әскери қызметші алғаш рет алты ай бойы дайындықтан өтті.

Кіші сержант Олжас ТЫНЫБЕКОВ: «Бітімгершілік дайындық курсына келген күннен бастап іріктеуден сүрінгендер де, өз бетімен бас тартқандар да болды. Дене әзірлігіне, психологиялық төзімділіктің дайындығына, ағылшын тілін білудің деңгейіне баса көңіл бөлінді. Ай сайын нормативтер тапсырдық. Оқу аяқталысымен тест қабылданып, бітімгершілік дайындық

курсын бітіргеніміз туралы сертификат берілді. Карантин режимінің талаптарын қатаң сақтау мақсатында демалысқа елге бара алмадық. Дегенмен – жарым Жібек жасқа толмаған ұлым Ахмедті алып келді. Қазақстандық бітімгершілік полкінің төртінші ротасының құрамында Ливанға аттанудың сәті түскенде отбасым үшін еш алаңым болмады. Семейде ата-анаммен бірге тұрамыз, екіншіден БҰҰ Ливандағы миссиясына қатысушы әскерилердің жанұясы әрдайым өңірлік қолбасшылықтың, әскери бөлім қолбасшылығы мен әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі қызмет жетекшілігінің назарында».

Төртінші құрама бітімгершілік ротасын Ливанға жөнелтілу мерзімі әлемдегі коронавирус пандемиясына, бұған қоса

БҰҰ төрағасының бұйрығына тікелей байланысты жүзеге асырылды. Жеке құрамда Семей гарнизонының 44736 әскери бөлімінен аға сержант Вячеслав Моор, сержант Мақсат Көпжасаров, 3-ші сынып сержанты Нұржан Булькенов, аға сержант Ниязбек Қоңыратбаев, кіші сержант Ербатыр Сұлташев, сержант Еркебұлан Баймұқышев, сержант Асылжан Қуатов, сержант Нұрғұлан Бауыржан, сержант Николай Поштабаев, ефрейтор Берік Бақтияров, 3-ші сынып сержанты Тимур Бекқожин, кіші сержант Дамир Артықбаев, сержант Дастан Сұлтанов, ефрейтор Шыңғыс Ильбеков, кіші сержант Дастан Майлыбаев, ефрейтор Дамир Сүлейменов, сержант Айдар Таңатаров, кіші сержант Олжас Тыныбеков, ефрейтор Ринат Сайфутдинов және Аягөз гарнизонының 10181 әскери бөлімінен сержант Қанат Ахметов өз міндетін сапалы атқарды. 2020 жылдың тамыз айын қорытындылаған үнді батальонының қолбасшылығы қазақстандық әскери қызметшілердің кәсіби амалдар мен қимыл-әрекеттерді орындаудағы біліктілігінің деңгейіне жоғары баға берді. Аға сержант Вячеслав Моор жауынгерлік және бітімгершілік дайындықтағы үздік көрсеткіші үшін Үндістанның бітімгершілік батальонының командирінен бағалы сыйлық алды.

Аға сержант Вячеслав МООР: «Сегіз ай бойы Үндбат құрамындағы төртінші құрама бітімгершілік ротасында майор Жанат Бербалановтың жетекшілігімен миссия міндеттерін нақты және





бітімгерлік контингенті, яғни взвод құрамындағы 34 әскери қызметші – тек жақсы жағынан танылғандар. Патрульдеу кезінде жергілікті тұрғындар біздің бейбітшілік жолындағы ниетімізді қабылдап, жылы шырай танытады. Аллаға шүкір, еліміздің іргесі тыныш. Ұшқан құстың қанаты талатын, жүгірген аңның тұяғы тозатын кең байтақ дархан даламызда мұндай ешқашан болмасын. Өз басым болашақта БҰҰ-ның бітімгершілік отрядын Батыс Африкадағы Мали мемлекеті мен Орталық Африкадағы Конго Республикасына жіберу жоспары іске асырылса, миссия міндетін орындауға дайынмын».

Сержант Нұрғұлан БАУЫРЖАН: «Бітімгер ретінде көмек көрсетуге құқылы болдық, алайда елдің ішкі дау-жанжалдарына араласуға қақымыз жоқ. Бірлесіп орындайтын міндеттердің негізгісі - «көк сызық» деп аталып кеткен 16 шақырымдық ливан-израиль шекарасын патрульдеу. Сондай-ақ, блок-бекеттерде қызмет атқарып, әскери базалардың күзетілуі мен күшеюі үшін Израиль, Сирия және Ливан шекараларын әуеден, жаяу және мобильді қадағалауға шықтық. «Қарауыл қырағы болса, қамал берік болады» дегендей, қызмет ұдайы қырағылықты, жоғары жауапкершілікті талап етті. Босаңсуға мүлдем болмайды. Наряд кезінде ұйықтау – өрескел қателік. Біздің рота тәртіп, тазалық, тәрбие жағынан, өзге мемлекеттермен болған жарыстардың

белгіленген мерзімде атқардық. Бүгінгі күнге дейін халықаралық ұйым Ливанда бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға 14 мың әскери қызметшіні тартқан екен. БҰҰ-ның контингенті аса ауқымды, аталмыш миссияға әлемнің 46 мемлекеті атсалысады. Ол жердегі сириялық босқындарды ауызсумен, азық-түлікпен, киім-кешекпен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіп, қақтығыстар мен тонаушылық болдырмаудың алдын алса, біз «көк сызықтың» бойындағы алты бақылау бекетінде Ливан мен Израиль шекарасын бейбітшілік келісімінің ережелеріне сүйеніп бақыладық. Жауынгерлік рухы жоғары, ауызбіршілігі мықты әскерілеріміз әлемдік аренада жоғары білікті кәсіпқой маман екенін таныта білді. Мәселен, БҰҰ-ның бітімгершілік контингентінің оңтүстік Ливандағы (UNIFIL) Шығыс секторының қолбасшысы италиялық армияның генерал-лейтенанты Стефано дель Коларнайы келіп, қазақстандық бітімгершілік контингентін 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі күнімен құттықтады. Бұған дейін Косово Республикасында, Ливан мен Ливия мемлекеттерінде бітімгершілік миссияларына қатысқан, UNIFIL батальонын басқарған, сонымен қатар италиялық контингент пен Батыс секторына қолбасшылық еткен Стефано дель Кол Қазақстан әскерілерінің тәртібін жоғары бағалайды. Қазақстанның

Қарулы Күштері қуаттылығы жағынан да, кәсібилігі жағынан да халықаралық стандарттарға сай деңгейде екенін үнемі айтып жүреді. Үнді батальонының командирі полковник Нараян Сингх Бати да жаужүрек жауынгерлерді тәрбиелегені үшін қазақ халқына құрметі ерекше. Үндістан батальонының құрамында Конго Республикасы мен Оңтүстік Судан мемлекетіне қазақстандық бітімгершілік контингентінің де тартылуына мүдделі. Қазақстандық бітімгершілік полкінің төртінші ротасы әрі соңғысын алмастырған бесінші





барлығында да үздіктер сапынан көрінді. Қысқасы, соғысқа тікелей араласпасақ та, шапшаң шабуылдарға дайын болуда мол тәжірибе жинақтадық. Қазақстанның Қарулы Күштері заманның талабына қарай жауынгерлік қабілеттілікті арттыруда көштен қалып жатқан жоқ. Керісінше, өзге шет мемлекеттердің бітімгершілік құрама өкілдерімен және жергілікті халықпен достық қарым-қатынас орнатып, Ливан жеріндегі бейбітшілікті сақтауға үлес қосып келеді. Қазақ әскерінің бітімгерлік мақсатындағы операцияларға қатысуы – заманның талабы. Яғни әлемдегі қазіргі жағдай, соғыс пен қарулы қақтығыстар міндеттеп отырған қажеттілік деп түсінемін».

Кіші сержант Дастан МАЙЛЫБАЕВ: «Бізді бітімгершілік қызметке қатысты БҰҰ-ның негізгі құжаттарының рәсімдері мен нормаларына сәйкес мұқият іріктеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі принциптері мен құрылымын, сол елдің мәдениеті мен тарихын, операцияларды жүргізуге



миссияның мандатын, бітімгершілерге қойылатын талаптар мен тәртіпті, халықаралық құқық пен қарулы қақтығыстардың негіздерін, күштерді қолданудың ережелерін оқытты. Жан-жақты тексеруден өтіп, тапсырмаларды орындау үшін жауынгерлік әзірлігімізді шыңдап, ыстық климатта әрі күрделі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайда қызмет атқаратынымызға дайындалғандықтан шығар, аса қиын болмады. Дегенмен өзара әрекеттесу тәртібі БҰҰ-ның рәсімдерімен реттелген қауіпті аймақта миссия міндетін атқаруда тиянақтылығымызбен ерекшелендік. Бірінші күн патруль наряды, екінші күні блокбекеттің наряды, үшінші күні база наряды болады. Оған қоса Сирияның территориясы жағында нарядқа түскенде қыран құстай қырағы болуың аса қажет. Өйткені қазақстандық рота жайғасқан геосаяси әрі стратегиялық маңызы зор Марджаян аймағынан шамамен 7 шақырым жерде Израиль мемлекетінің шекарасы, ал 15 шақырымда Сирияның шекарасы тұр. Үндістандық бітімгерлермен жергілікті жерді патрульдеу, бақылау бекеттерін ұйымдастыру, миссия штабының іс-шараларына қатысу, жалпы алғанда күн сайын шамамен 50 міндетті бірлесіп атқардық. Бітімгершілік


миссиясының өзгешелігі де сол, әскери қақтығыстарға қатыспай, Ливан халқының бейбітшілігін қолдау. Жергілікті тұрғындар Қазақстанды жақсы біледі, әскерилерге деген көзқарасы да оң».

Сөз соңы немесе түйін сөз

Үнді батальоны Біріккен Ұлттар Ұйымының миссияларын бітімгерлермен 1948 жылдан бері қамтамасыз етіп келеді. Осы уақытқа дейін ұйымның 71 бітімгершілік миссиясының 49-ына қатысып, ол 250 мыңнан астам адамды қамтыды. Азия мен БҰҰ-ның тарихында өз бітімгершілік контингентінің құрамына өзге мемлекеттің бөлімшесін қабылдауға келіскен алғашқы ел – осы Үндістан. БҰҰ-ның Ливандағы миссиясының қолбасшылығы коалициялық операцияларды жүргізудің нақты ұрыс жағдайларында көпұлтты күштер құрамында өзара іс-қимылдың бірегей тәжірибесіне ие болған үндістандық және қазақстандық бітімгерлердің кәсіби деңгейін жоғары бағалайтынын жоғары айтқанбыз. Ливанда бітімгершілік қызметті жүзеге асыру кезіндегі қазақстандық бітімгерлердің жоғары жауынгерлік машығы мен кәсібилігі туралы Үндістанның «Political events» («Саяси оқиғалар») журналы 2020 жылдың соңындағы санында да жазды. Сондықтан үнді батальонының үйретері де, қазақстандық бітімгершілік контингентінен үйренері де көп.

Алуа СӘКЕНҚЫЗЫ

«Шығыс» өңірлік қолбасшылығы



НА НИХ СМОТРЕЛА ВСЯ СТРАНА

Карагандинец рассказал о службе в миротворческой миссии ООН в Ливане

Четвертая сводная миротворческая рота вернулась в Казахстан из Ливанской Республики. Им на смену вылетел пятый казахстанский миротворческий контингент для выполнения миссии в составе «Временных сил ООН в Ливане». Борт с четвертой сводной миротворческой ротой Вооруженных Сил Казахстана благополучно приземлился в международном аэропорту города Алматы. С августа 2020 года военнослужащие выполняли задачи в составе индийского батальона согласно мандату ООН в Ливане.

После командировки, длившейся больше полугода, 29-летний военнослужащий регионального командования «Астана» Афанасий Ярмек вернулся на Родину. Сошел с трапа самолета в Алматы, встал на колени и прикоснулся к земле, закрыл на мгновение глаза. Грянул торжественный марш – его и сослуживцев встречали с оркестром. Далее медицинское обследование, и вот парень в военной форме уже смотрит в окно поезда, следующего в Караганду. На перроне вокзала его встретили командиры и самые родные люди – супруга, ребенок и мама. Женщина не смогла сдержать слез радости за сына, который более полугода достойно нес службу в чужой стране вдали от родного дома.

Все военнослужащие пятого по счету миротворческого контингента прош-

ли тщательный отбор. Учитывая, что служить миротворцам придется в жарком климате, в условиях сложной санитарно-эпидемиологической обстановки, особое внимание уделялось состоянию их здоровья, морально-психологической устойчивости и совместимости. Важными критериями отбора являются физическая подготовленность военнослужащих, знание английского языка, а также опыт их службы в рядах Вооруженных Сил.

Перед убытием личный состав находился на карантине в течение одного месяца. За два дня до вылета было проведено ПЦР-тестирование.

Ежедневно нашим миротворцам совместно с индийскими «голубыми касками» предстоит выполнять около

50 задач, в том числе патрулирование местности, организацию наблюдательных постов, блокпостов и участие в других мероприятиях миссии.

На просьбу рассказать о себе Афанасий Ярмек пожимает плечами. У него было обычное детство обычного мальчишки. Родился в Караганде, учился в общеобразовательной школе № 35 в Майкудуке. После ее окончания ушел в армию, срочную службу проходил в Атырау. Демобилизовался рядовым, несколько лет работал в местном охранном агентстве – в группе быстрого реагирования. Однако все это время его не покидала мысль о возвращении на военную службу.

– Мечта была у меня с детства – стать





военным. А я очень упрямый, в хорошем смысле этого слова, если о чем-то думаю, то в лепешку расшибусь, но постараюсь этого добиться, – улыбается Афанасий.

Вскоре наш собеседник поступил на контрактную службу в воинскую часть регионального командования «Астана». Руководство неоднократно отмечало его добросовестность и исполнительность, за это молодого человека назначили командиром отделения. Также Афанасий выражал готовность принять участие в командировках. Однажды его вызвал непосредственный командир и рассказал, что производится отбор в состав миротворческой роты, готовящейся к отправке в Ливан.

– Миротворцев должны были готовить четыре месяца, однако из-за пандемии этот процесс затянулся на семь. К учебе относились очень серьезно. Это и языковые курсы английского, и физическая подготовка, и психологические тесты, кроме того я осваивал специализацию парамедика. Также изучали нормы международного права – в какой ситуации правомерно применение оружия, а в какой нет – и еще многое другое. Санитарно-эпидемиологические нормы соблюдались жестко, несколько месяцев находились на казарменном положении, на занятия допускались только отдельными группами, которые жили вместе, – рассказывает Афанасий.

В августе 2020 года миротворческую роту перебросили к месту несения



службы. Это уже четвертый состав подразделения, вот уже на протяжении нескольких лет несущего службу на разграничительной границе (так называемой «голубой линии») между Южным Ливаном и Израилем. Казахстанцев разместили на одной из баз индийского миротворческого батальона.

Необходимо сделать пояснение. UNIFIL именно так называется миротворческая миссия ООН в Ливане. Она была создана в 1978 году с целью наблюдения за процессом вывода израильских войск из южной части страны. Также на плечи UNIFIL легла работа по восстановлению международного мира и безопасности на границе. Казахстан

направил первый военный контингент в Ливан с миротворческими целями в 2018 году.

– «Голубая линия» проходит на границе Ливана и Израиля. Мы осуществляли ее патрулирование: мобильный патруль, пеший патруль, а также проверяли местность, куда входили населенные пункты, базары. Мы заезжали в эти места вместе с ливанской армией и войсками ООН. Производили осмотр на предмет нарушения перемирия и законов. За время нашего пребывания не было инцидентов. В случае обнаружения нарушений мы должны доложить вышестоящему командованию, затем этот доклад уходит в штаб-квартиру











ООН. Помимо наблюдения в наши задачи входила охрана базы, – поясняет военнослужащий.

Дружеские отношения сложились с индийскими сослуживцами. По словам карагандинца, индийские офицеры и солдаты – вежливые и дисциплинированные. В свою очередь коллеги неоднократно отмечали хорошую физическую подготовленность казахстанских военнослужащих, а во время прощального построения, когда казахстанские военные готовились улетать на родину, командир индийского батальона поставил их в пример своим подчиненным.

– В декабре, когда отмечали День Независимости, угощали наших зарубежных друзей куырдаком и баурсаками. Кумыса, к сожалению, не смогли достать, – смеется Афанасий. – Местное население к нам тоже относилось хоро-

шо, все понимали, что мы стоим здесь, чтобы соблюдались мирные соглашения. Заходишь, к примеру, в небольшой магазинчик, и когда хозяин узнает, что мы из Казахстана, сразу подходит здороваться, пытается разговаривать с нами, угощать. Мы вели себя строго в рамках международного права, никаких вольностей не допускали. В целом, хочу отметить, что ребята в роте подобраны очень профессиональные, ответственные. Все выполняли поставленные задачи достойно. В канун празднования Наурыз мейрамы казахстанская рота вернулась на Родину. Этому дня ждали с нетерпением.

Как сообщили в Минобороны, военнослужащие зарекомендовали себя как ответственные и высококвалифицированные специалисты.

– Это неоднократно отмечали

руководство миссии, зарубежные коллеги и наблюдатели. Ваш профессионализм высоко оценен. Своей добросовестной службой, высоким уровнем боевой подготовки вы продемонстрировали не только своим соотечественникам, но и всему миру яркий пример патриотизма, высокой организации службы и подготовленности. Участие в миссии миротворцев из Казахстана имеет огромное значение для укрепления авторитета нашей страны в мировом сообществе, и вы внесли в это огромный вклад, – сказал командующий Десантно-штурмовыми войсками генерал-майор Каныш Абубакиров во время торжественной встречи личного состава подразделения в аэропорту Алматы.

Фархат КИНЖИТАЕВ

Ресми дерекке сүйенсек, бүгінгі таңда қазақ армиясының қатарында 7500-ге жуық қыз-келіншек қызмет етеді. Бұл көрсеткіш жалпы құрамның 12%-ын құрайды. Қазақтың батыр қыздары Әлия, Мәншүк, Хиуаз сынды майдангер апаларының ерлігін үлгі тұтып, бейбіт заманда әскери өмірді жанына серік етіп, ерлермен бірге иық тірестіре өз қызметтерін үлкен жауапкершілікпен атқарып жүрген нәзік жандылар қаншама? Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі берген мәліметке сенсек, Қарулы Күштер сапында 20 полковник, 117 подполковник, 237 майор, 268 капитан, 147 аға лейтенант және 93-ке жуық лейтенант қыз-келіншектер бар. Қалғаны сержант пен сарбаз лауазымдарында еңбектеніп жүр.

АНТҚА АДАЛ, СЕРТКЕ БЕРІК ЖАНДАР

Қарулы Күштер қатарында әскери қызмет атқарып жүрген әйелдер әскер тектерінің түрлі салаларында бар. Зымыран, аэроұтқыр, артиллерия, әуе қорғанысы, сондай-ақ аймақтық басқару орталықтары сынды әртүрлі салада жауынгерлік міндеттерін мінсіз атқарып жүрген айымдар баршылық. Бәрінің жоғары білімі бар, меңгерген мамандықтары бар. Бір қызығы олардың 30%-ы әскери бөлімшелердің әскери дайындығына жауап береді екен. Ресми ақпарат бойынша армия қатарындағы әйелдердің орта жасы – 35 жас. Олар да түнде атыс полигонына шығып, ұрыс аймағында ерлермен тең дәрежеде қызмет атқарады. Тіпті қолма-қол жекпе-жекке шығып, пышақ лақтырып, парашютпен секіретін жүректі арулар жоқ емес. Мәселен, қаруды 12 секундта шашып, 23 секундта қайта жинайтын шапшаң, епті, қабілетті қыздар бар. Армиядағы айымдардың ерлерден еш кем түспей, тең дәрежеде қызмет атқаратындығының тағы бір айқын дәлелі деп десантшылардың айына он күнге жуық уақыт үйінде болмай, атыс даласында жаттығу өткізетінін атағанымыз дұрыс. Десантшы әйелдер де әскери тәртіпке сай ату

жаттығуларына қатысып, межелі орыннан табылады. Бұған дейін 7 мамырда өтетін әскери шеруде сап түзеген талай әскери қыз-келіншектің еңбегі өз алдына бөлек әңгіме.

Тағы бір қызықты ақпармен бөлісе кетейік. Әскери ортадағы әйелдердің ерлерден бір айырмашылығы – заң бұзушылық оқиғалары болған жағдайда қатаң шара ретінде әскерилерге қолданылатын қамау жазасы әйелдерге қолданылмайды. Олар көбінесе ауызша сөгіспен шектеледі.

«Кез келген мықты еркектің артында ақылды әйел тұрады»

Отан қорғау саласында жүрген әрбір әскери маманның жұмыс күні әскери жарғыға сәйкес өрбитіндіктен, жауынгерлік кезекшілікке түсіп, сап түзеп, қолдарына қару алып атыс жаттығуларына қатысатын, тәртіпке баулитын теория сабақтарында конспект жазып, уақыттарының көпшілік бөлігін дене шынықтыру даярлығына жұмсайтын арулардың бірі – капитан Жоламанова Гүлтай Естайқызы. Ол – 68665 әскери бөлімінде Тәрбие



бөлімінің мемлекеттік тілді дамыту қызметінің бастығы.

– Негізгі мамандығым – мұғалім, – дейді Гүлтай Естайқызы. – 10 жыл мектепте ұстаздық қызмет атқардым. Отбасында атам, әкем, анам да мұғалім. Сол кісілердің жолын қуып, ұстаздықты таңдадым. Ал, жолдасым – әскери маман. Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Қабатау елдімекенінде мектепте қызмет жасадым. Әскери



адамдардың жұмысын білесіз ғой, тәртіпке бағыну керек. Бір күні жолдасымның қызметі Өскемен гарнизонына ауысты. Бір аптаның ішінде жиналып, отағасы жолға шығып кетті. Әскери қалашықта өңкей қыз-келіншек, бала-шаға ғана қалдық. Көпшілігінің азаматтары қызмет бабымен ауысып кетті. Мектеп басшылығына оқу жылын аяқтап, жұмыстан шығатынымды айтып ескертіп қойған болатыным. Күз мезгілі еді. Күйеуімнің жұмысы 150 шақырымдық жерде болды. Шығыстың қысы қатты болады. Ары-бері қатынау оңай емес. Содан отағасы қызметі ауысқан гарнизоннан бір бөлмелі пәтер жалдап, маған хабарласты. «Бір аптаның ішінде жүк камазы барады, жүгіңді тиеп, көшіп келесің», - деді. Буынып-түйініп, Өскеменге көшіп кеттік. Бұл көштің тек басы екен. Көшіп барғанымда бір жұма да болмаған еді. Ол уақытта ұялы байланыс жоқ. «Тапик» деп айтатын әскери байланыс бар. Телефон шыр ете қалды. Көтерсем, жолдасым хабарласып тұр екен. «Тұрсың ба, әлде отырсың ба», - деді. «Тұрмын», - дедім. «Онда отыр», - деді. Орындыққа жайғасқаным сол еді: «Бізді Жамбыл облысы, Отар станциясы, Гвардейск гарнизонына ауыстырды, маған бұйрық шығып қойды. Көшуге дайындығыңды бастай бер», - дейді. Апыр-топыр жиналып, Оңтүстікке аттанып кеттік. Барған жеріміздегі мектепте бос орын жоқ екен. Жолдасым екеуміз ақылдаса келе әскери бөлімге тіл маманы ретінде жұмысқа кіретін болып шештім. 2003-2004 жылдары алғаш Қарулы Күштерге қарасты әрбір әскери бөлімдерге мемлекеттік тілді дамыту қызметі енгізіліп жатқан болатын. Әскери бөлімнің командирі бірден қабылдады. Тағдырдың сыйы дейміз, өмірім өз арнасына ойысып, міне 15 жылдан астам уақыт әскери салада қызмет етіп келе жатырмын. 2005 жылы алғашқы еңбек жолым осылай басталған еді. Отанымда адал қызмет етуге ант беріп, жауапты міндетке кірісіп кеттім.

Капитан Гүлтай Жоламанова биыл жолдасымен отасқанына 20 жыл болатынын айтады. Осы жылдар аралығында қызмет бабымен 10 гарнизон ауыстырған екен. Әскери тілмен айтқанда, барлық ыстық нүктелерде болған. «Үлкен балам алты жылдың ішінде 6 мектеп ауыстырды. Соған қарамастан оқу үлгерімі өте жақсы. Оқу

үздігі. Назарбаев мектебін тәмамдап, қазір жоғары оқу орнында мемлекеттік грант бойынша білім алып жатыр», - дейді кейіпкеріміз.

Гүлтай Естайқызының негізгі міндеті – әскери бөлімде мемлекеттік тілді дамыту, әскери қызметшілерге мемлекеттік тілді үйрету. Жоспарға сай аптасына үш рет сабақ өткізеді. Әскери бөлімдегі кіріс-шығыс құжаттардың мемлекеттік тілде сауатты жүргізілуін қадағалайды. Кейіпкеріміз бұған қоса жауынгерлік даярлығының үнемі назарда екенін айтады. Мәселен, саптық дайындық, дене шынықтыру дайындығы, ату дайындығы, қашықтыққа жүгіру, тағысын тағы бәрі өз ретімен.

– Біздің әскери бөлім Құрлық әскерлеріне тікелей бағынады, - дейді капитан ханым. – Жоғары штабтан дабыл түсіп тұрады. Жұмыстан тыс уақытта күн демей, түн демей кез келген уақытта бізді дабыл арқылы көтереді. Дабыл түскен сәттен бастап, екі сағаттың ішінде әскери бөлімге жетіп, өзіңнің келгенің туралы хабар беріп, қару-жарағыңды қабылдап, сақадай сай тұруымыз керек. Осыған байланысты бір оқиға айтып берейін. Екінші балам бес жаста болатын. Түні бойы ыстығы көтеріліп, ауырып шықты. Парацетамол берем, екі сағаттан кейін қайта көтеріледі. Таңғы 6-да әскери дабыл түсті. Бұл жағдай жолдасыма да қатысты, ол кісі де жинала бастады. Мен баламды уайымдап, қалдырып кете алмаймын ғой алаңдап тұрмын. Енді қайтпек керек деп жолдасыма жалтақтадым. Ол кісі еш ойланбастан «Все перед, по тревоге!», - деді. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» демекші, әскери қызметтің жауапкершілігі бірінші орында тұрады. Баламды бір Аллаға тапсырып, белімді бекем буып, қызметке аттандым. Әскери бөлімге тез арада жеттік. Ол уақытта командирім генерал-майор Алмаз Жұмакеев болатын. Бар ойым – қызуы көтерілген баламда. Амал жоқ, беттің арын белбеуге түйіп, не болса да жағдайымды түсіндіріп айтайын деп кабинетіне бардым. Барсам, ол кісі орнында жоқ екен. Дабылға байланысты командир бөлімшелерді тексеруге шығып кетіпті. Командир әскери бөлімнің аумағында деген ақпар алдым. Дабыл белгісінде асынатын арнайы сөмкемізді (вещмешок) арқалап, қаруымды қабылдап алдым да қаруластарым сап түзеген қатарға

мен де бардым. Тәртіпке сай басшымыз бізді түгендеп, әркімге тиесілі тапсырма берілді. Нұсқауға сай әркім белгіленген ауданға шығатын болды. Баратын жерімді бағытқа алып кетіп бара жатқанда, командиріміз генерал мырза көлігімен келіп тоқтай қалды. Сол бөлімшені тексеруге келген екен. Әскерде субординация деген ұғым бар. Әскери шенге құрметпен қараймыз. Шені жоғары лауазымды тұлғаның алдына албаты бара бермейміз. Ол үшін жүрек керек. Балам үшін жанымды шүберекке түйіп, алдына жүгіріп бардым. Жағдайымды баяндап, айттып бердім. Генерал мырза бірден сөзге келместен, қаруыңды тапсырып, шұғыл балаңның қасына бар деді. Риза болғаным соншалық, жүрегім тулап үйге жеттім.

Капитан Гүлтай Жоламанова – отбасында үш бала тәрбиелеп отырған ардақты ана, аяулы жар. Жолдасы Жоламанов Асқар Ахметұлы – саналы ғұмырын Отан қорғау ісіне арнаған жан. Артиллерист. 2020 жылы 7 мамырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен генерал-майор атағын алыпты.

«Жолдасым ғұмырының 19 жылын білім алуға жұмсапты. Бүгін қандай жетістікке жетсе, білімі мен еңбекқорлығының арқасында жетті. Әкең секілді білімге құштар, ізденімпаз болыңдар деп үнемі балаларыма айтып отырамын», - дейді Гүлтай ханым.

Қазақта «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербейді» деген керемет сөз бар. Гүлтай Естайқызы – ең әуелі отбасының ұйытқысы болып отырған ардақты жан. «Кез келген мықты еркектің артында ақылды әйел тұрады» деген қанатты сөз Гүлтай ханымдай әскери өмірдің ыстығы мен суығына төзе білетін, талай әскери гарнизонды көрген қайсар қыздарға арналса керек.

– Отағасы генерал-майор шенін алған кезде жолдасымның айтқан бір сөзі маған қатты әсер етті, - дейді Гүлтай Естайқызы әңгімесін әрі қарай сабақтап. – Жан жарым, балаларымның анасы ретінде тек қана алғыс айтамын деген еді бір оқиғаны есіме салып. Гвардейск гарнизонына пойызбен көшіп бардық. Қолымызда тек киім-кешек қана. Әскери қалашыққа жеткенімізде, бөлімнің жеке құрамы сапта тұр екен. «Міне, нағыз офицер келе жатыр» деп

бізді қарсы алған еді. Жатақханадан бір бөлме берді. Асқар Ахметұлы бізді жатақханаға кіргізді де, жүкті есіктің аузына қойып, қызметіне кетті. Ол уақытта гарнизонның қолбасшысы генерал-майор Әлімжан Ерниязов болатын. Келгенін баяндап, дер кезінде хабардар етуі тиіс. Отағасы кері үйге келе жатып, кешкі асты қайдан ішсек болар екен деп ойланып келіпті. Үйге кірсе, үй жинаулы, дастархан жайнап тұр. Буы бұрқырап тамақ пісіп тұр. Тамақ пісіретін электр пеші жоқ болса да, амалын тауып, бәрін реттеп, 3-4 сағаттың айналасында тап-тұйнақтай етіп қойдым ғой. «Сонда саған таңғалдым, риза болдым», - деп еді. Әскерилер арасында сенімді тыл дегеніміз – ол отбасы, тамағы тоқ, көйлегі көк бала-шаға, қолдау білдіретін жар. Күйеуім әркез «Әскери еңбек жолымда қандай да бір жетістікке жетсем, әуелі білімім, қызметіме деген адалдығым, сондай-ақ сенің қолдауың мен демеуіңнің арқасында жеттім» деп разылығын білдіріп отырады. Бұл – ең әуелі отбасындағы түсіністік, сыйластық деп білемін. Әжем мен анам ер-азаматыңды сыйла деп құлағымызға құйып отыратын. Ерін сыйлау – әйелдің парызы. Ұрпақ өрбіту, бала-шағаны саналы етіп тәрбиелеу, ағайын-туыстың татулығын жарастырып, ынтымағын арттыру – негізгі міндетіміз.



Құпия бөлімдегі құпия ару
Кіші сержант Жүсіпова Досгүл
Ахмедияқызы, 29990 әскери бөлімінің
аға радио-телеграфисі.

Кіші сержант Досгүл Ахмедияқызы

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарына 2003 жылы келіпті. Қарағанды облысы, Сарань қаласындағы әскери бөлімге құпия бөлімінің бастығы ретінде қабылданған.

– Сол әскери бөлімде 10 жыл қызмет атқардым. 2014 жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы Әуе қорғанысы күштеріне қарасты 29990 әскери бөлімінің байланыс торабына аға радио-телеграфист болып жұмысқа кірістім. Бұл лауазым да құпия. Әскери бөлімнің ішкі құжат айналымында құпия құжаттар болады, әскери техника, әскери аппаратуралар бар. Қызметімнің талабына сай ашып айтуға хақым жоқ. Өзім де құпия жанмын, - деп жымиды Досгүл ханым.

Досгүл Ахмедияқызының жолдасы әскери сала маманы болмай шықты. Екі баланың анасы. Келін түсіріп, немере өсіріп отырған жас әже екен.

– Әскери жарғыға сай мен де жауынгерлік даярлық бойынша сынақ тапсырамын, - дейді кейіпкеріміз. – Дене дайындығына байланысты барлық сынақтарды 5-ке тапсырамын. 30 рет отжимание, 30 рет пресс жасаймын. Сынақты ай сайын тапсырамыз, кейде тексеріс келіп қалады. Ондай жағдайда тағы тапсырамыз. Әркез сақадай сай болуымыз керек. Қиыншылықтар жоқ емес, әскери қызметтің өзіне тән ерекшеліктері бар. Бірақ, ол біз үшін кедергі емес, әбден үйреністік, осы салаға сіңіп кеттік. 1 жылдан кейін 45 жасымда зейнетке шығамын. Әскери мамандардың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ететін әлеуметтік пакеттер, жеңілдіктері де бар. Оны да естен шығармаған жөн.

Парашют жинаудың хас шебері
Кіші сержант Гүлім
Ермағамбетова, Парашюттік мүлік
қоймасының бастығы.

Кіші сержант Гүлім Айтмағамбетқызы Қарулы Күштер қатарына 2008 жылы қыркүйек айында келген.

– Байланыс торабына телефоншы ретінде қызметке қабылдандым, - дейді кіші сержант ханым. – Жауынгерлік кезекшілік атқаратынмын. 2014 жылы менің лауазымым қысқарып, мені Іздестіру-құтқару және парашюттік десанттық бөліміне парашют жинаушы ретінде жұмысқа қабылдады. Мен байланыс торабында істеп жүргенде біздің кабинетке қарама-қарсы сол Іздестіру-құтқару бөлімінің бастығы отыратын. Сол басшыны көрген сай-



ын: «Парашютпен секіріп көру арманым, рұқсат беріңізші, үйретіңізші» деп айтып жүретінмін. «Жақсы, Гүлім» деп үнемі көңілді көтеріп қоятын. Мені ауыстыратын тұста басшымыз осы кісіге хабарласып, «Біздегі Гүлімді Іздестіру-құтқару бөліміне жұмысқа аласыз ба?», - деп сұраған екен. «Онсыз да үйренгісі келіп жүретін, бізге келсін», - депті. Осылайша менің өмірімнің жаңа парақтары ашылды. Парашют жинауды үйрене бастадым. Үш ай бойы өз жұмысыма қатысты дүниенің бәрін оқып-біліп, сынақ тапсыруға мүмкіндік берілді. 3 айдан кейін сынақты практика жүзінде тапсыру оңай болған жоқ. Нұсқаушы әрі бастығымыз өте қатал адам. Қаталдық танытатын да жөні бар, неге десеңіз, әскери мамандар біз жинаған парашютпен секіреді. Адамдардың өміріне тікелей жауаптымыз. Парашютті нұсқауға сай дұрыстап, тап-тұйнақтай етіп жинау, әрбір қосалқы бөлшегінің орнында нық орналасуына жауаптымыз. Егер қандай да бір ақау болып, парашют дұрыс ашылмай қалса, қандай да бір кедергі туындаса, жауапкершілігі біздің мойнымызда. Сол үшін талапты бұлжытпай орындау маңызды болды. Әрине ептілік те керек, әрбір бөлшегін жаттап алуымыз керек. Парашютті жинаған кезде бір нәрсені дұрыс істемей қалсам, нұсқаушымыз ағаш сызғышпен саусағымнан ұрып жіберетін. Бастығым парашют бүктеудің нағыз хас шебері, менікі қиқы-жиқы, мүсін жоқ болып шығады. Сонда нұсқаушыма қарап, «Шіркін-ай, қашан сізге ұқсап, жинауды үйренемін», - деуші едім. «Тәжірибе керек, үйренесің», - дейтін. 1 жылға тақау уақытта үйрендім, толық меңгердім.

Кіші сержант Гүлім Ермағамбетова 31



жасында алғаш парашютпен секірген. Тікұшақтан 700 метрлік биіктіктен секіру үшін жүрек керек шығар?

– Дәл осы саланы таңдағаным өкінбеймін. Экстремалды спорт түріне жататын парашютпен секіру спорты қызықты әрі қауіптілігімен ерекше. Аспанды бағындыру арманым еді. 700 метр биіктіктен секіріп үйрендік. Әуеге көтерілмес бұрын, жердегі даярлық, старттық тексеріс болады. Тікұшаққа мініп, нешінші адам болып ұшатынымыз айқындалады. Алғашқы жолы 4 адам біріміздің артымыздан біріміз секірдік. Нұсқаушылар бізді тікұшаққа ілініп қалмасын деген ниетпен итеріп жібереді. Қазір ойласам, алғаш секіргенде менде ешбір қорқыныш болмапты. Секіру керек деген қызығушылық басым болғандай. Ең алғаш парашютпен секіргенде әуеде тыныштықты сезіндім. Айнала мүлгіген тыныштық. Түп-тұнық көк аспан мені баурап алғандай болды. Күмбез ашылған сәтте динамикалық соққы болады. Ережеге сәйкес алдымен оң жаққа, сосын сол жаққа қараймыз. Басқару тетігін желге қарама-қарсы бұрып, қонуға дайындаламыз. Алғаш ұшқанда өте сәтті қондым. Еш жерім ауырған жоқ, себебі біз жіті дайындалдық қой. «Сәтті қондыңыз» деп нұсқаушылар мақтады, - дейді ол.

Гүлім Ермағамбетованың айтуынша, осы уақытқа дейін ол Д-1-5У оқу-жаттығу парашютімен 52 рет секірген.

– Екінші рет парашютпен секіргенде, бір қызық оқиға болып еді, - дейді кіші сержант ханым. – Үш адам бортқа міндік. Бізден бұрын Аэроұтқыр әскерлерінің сарбаздары секіретін болды. Мен сақадай сай отырмын. Он сарбаз да дайын тұр. Назар салып қарасам, білдіргісі келмесе де қорқып тұрғандарын аңғардым. Осы уақытқа дейін өз басымда мүлде қорқыныш деген болмапты. Бір сәт қандай қауіпке ешбір қорқынышсыз басымды тігіп жүргенімді сезінгенім бар. Бірақ, жігіттер мықты екен, еш қателік жібермей сәтті қонды. Кезегім келіп, секірдім. Нұсқауға сай жоғарыға қарап, күмбезімнің ашылғанына көз жеткізуім керек еді. Қарайын десем, желкемді көтертпейді, бір нәрсе астына қарай тартып тұр. Сөйтсем, жібі айналып кетіпті. Еш сасқан жоқпын, бірден әрекетке көштім. Себебі, ондай жағдайда не істеу керектігі айтылып, ескертілген болатын. Күмбезге қарай

жалғасқан жіпті екі жағына қарай қозғап, тартып едім айналған жіп орнына түсті. Күмбезім ашылды. Қонуға дайындалдым. Екі аяғым жерге тигені сол еді, сүйретіп алып кетті. 2 шақырымдай жерге сүйреп кетті. Күмбезім сөнбейді, қалай да сөндіруім керек. Біраз арпалыстым, шаршап кеттім де қашанғы сүйрер, әйтеуір бір тоқтар деп қолымды жібердім. Осы сәтті күткендей күмбезім де сөнді. Арасында осындай қызықтар болып тұрады.



Қарулы Күштердегі тұңғыш әйел әскери ұшқыш

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі тұңғыш әйел әскери ұшқыш – аға лейтенант Ардана Ботай.

Ардана Ботай бала кезінен ұшқыш болуды армандапты. Орта мектепті тәмамдағаннан кейін, ол азаматтық авиация академиясының ұшу бөліміне оқуға қабылданады. Практикалық ұшу жаттығуларында 240 сағат әуеде қалықтап, машықтана бастайды. Академияны ойдағыдай бітіргеннен кейін, Ардана әскери қызметке қабылданған. Бастапқыда ол Ұлттық ұланның қатарында әскери қызмет атқарған. АН-26 әскери ұшағын басқаруды сондай үйреніпті. Әскери әуе күштері қатарында ол Ан-26, L-39, Су-30 СМ ұшақтарын тізгіндеуді меңгерген.

– 2016 жылы Жастар форумында тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «ұшқыш истребитель болсам» деген арманы бар екенін көпшілік алдында айтып берді. Осы шарадан кейін мені Қорғаныс министрлігі әскери қызметке шақырды. Форумның арқасында мен Қазақстанның майдан авиациясына келдім деп айтуға болады, - дейді Кеңес Одағының Батыры Нұркен

Әбдіров атындағы 610-шы авиация базасының аға ұшқышы аға лейтенант Ардана Ботай.

Ардананың ата-анасы оның таңдаған мамандығына құрметпен қарап, үнемі қолдау білдіреді. Әкесі де әскери маман, Ішкі істер министрлігінде қызмет жасаған. Кейіпкеріміздің айтуынша, әкесі: «Қызым, өмір бізге бір-ақ рет беріледі, сол себепті жүрегіңнің қалауың тыңда, өзіңе ұнайтын іспен шұғылдан», - деп айтқан екен. Ардана 12 жасқа дейін жүзу спортымен шұғылданған, каратэ және кикбоксинг секциясына барған. Жүзумен әлі күнге дейін кәсіби тұрғыда айналысады. Әскери ұшқыш үшін жүзу спорты жарақат алудан сақтануына мүмкіндік берсе, екінші жағынан шымыр болуға әрі төзімділікке үйрететін өте керек спорт. Ардана өзінің қарым-қабілетін сынап көру үшін болашақта халықаралық «Авиадартс» сайысына қатысқысы келеді. Әлемдік деңгейде өтетін ауқымды шарада қазақ елінің намысын қорғау үлкен мәртебе екенін айтады кейіпкеріміз. Аталмыш байқауда әскери ұшқыштар орындайтын негізгі элементтердің бірі ол – жүзу спорты.

Қазақстанның Әскери-әуе күштері қатарында жүрген тұңғыш ұшқыш аруымыз осы уақытқа дейін 500 ұшу сағатын бағындырған.

– Бізге білім берген ұстаздар жақсы маман болу үшін жастың да, жыныстың да маңызы жоқ екенін айтатын. Ұшқыш атты кәсіпті таңдаған жандарға қойылатын талап бір. Қай жерде де мені бөле-жармай бірдей қарайды. Нұсқаушылар қолдау білдіріп, тәжірбиесімен бөліседі, - дейді ол.

Кез келген авиация саласының маманы техникамен терең байланыс орнатады.

– Аспан әлемі – бізді өзіне жіпсіз байлап тастайтын тұңғыш, - дейді кейіпкеріміз. – Әр сапар алдында ұшақпен сәлемдесіп, алдыма қойылған тапсырманы бірге орындауға ниеттенемін. Әуе кемелерінің түр-түрі болады, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, артықшылығы бар. Ол үшін бізде ұшақтың әр типін кезең-кезеңмен үйрететін арнайы бағдарлама бар.

Қазір Ардана Ботай Су-30СМ жойғыш ұшағын тізгіндейді. Болашақта ол эскадрилья командирі болуды армандайды.

ӘСКЕРИ-ТЕҢІЗ КҮШТЕРІНЕ 28 ЖЫЛ

Ел әскерінің құрылуы егемендігімізді еншілеген сәттен басталды. Тәуелсіз мемлекетіміздің Қарулы Күштері үш түрлі құрылымнан тұрады. Олар: Құрлықтағы әскер, Әуе қорғанысы күштері және Әскери-теңіз күштері. Бұлардың қазіргі таңда әлеуеті айтарлықтай артты. Оның әрбірінің құрылу тарихы бар. Қарулы Күштердің әскер тірегінің бірі – Әскери-теңіз күштері. Қазақстанның бұл әскер түрі Президенттің Жарлығымен 1993 жылдың 2 сәуірінде құрылды. Бүгінде оның құрылғанына – 28 жыл.

Міндеті

Каспий теңізінің қазақстандық секторында Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына қол сұғуға жол бермеу, аумақтық тұтастығын, егемендігі мен экономикалық мүдделерін қорғау – Әскери-теңіз күштерінің міндеті.

Сондай-ақ Әскери-теңіз күштері теңізде жүзу қауіпсіздігін навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз етеді. Төтенше жағдайлар кезінде әскери теңізшілер Қазақстан Республикасы ИМ Төтенше жағдайлар комитетімен өзара іс-қимыл жасай отырып, іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен бірге табиғатты қорғау мен бақылау қызметтерін орындау, оның ішінде теңіздегі экологиялық апаттардың салдарын жою кезінде көмек көрсетеді.

Әскери теңізшілер Қазақстанға тиесілі Каспий теңізінің су айлағын су асты және су үстіндегі ахуалын ұдайы зерделеп отырады.

Жауынгерлік даярлық

Тәуелсіздік жылдарында әскерлердің жауынгерлік даярлық деңгейі артты. Алғашқы кезде теңізшілер теңізге жылына 10-20 күн ғана шыққан болса, қазір осы кезеңде теңізге шығу 240 күннен асады. Бір жыл ішінде әскери-теңіз күштерінде үш мың алты жүзге дейін кеме жаттығуы, сабақтар мен жаттығулар өткізіледі.

Әскери теңізшілер жедел даярлық аясында басқа әскер түрлері мен тектерінің жедел топ құрамымен бірге жедел-тактикалық жиындарға, командалық-штабтық жаттықтыруларға, тактикалық арнайы оқу-жаттығуларға қатысады.

Бұл құралымның әскери теңізшілері жоғары кәсібилігімен ерекшеленеді.





Олар тікұшақтан және катерлерден суға десант түсіруге, қарсыластың кемеге шабуылын тойтаруға, су асты миналау мен минадан тазартуға қабілетті.

Қару-жарақ пен әскери-техниканы қолдану дағдыларын жетілдіруге, бөлімшелерді, кемелерді үйлестіруге және оларды жарақтандыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Теңіз астын зерттеуге арналған әскери роботтар белсенді қолдануда, олар жарылу қаупі бар заттарды тауып, мәліметтерді операторға жеткізеді.

Әскери-теңіз күштерінің құрамында зымыран-артиллериясы қондырылған мина тартқыш кемелер, сондай-ақ көмекші кемелер бар.

Жауынгерлік даярлық барысында әскери кеме экипаждары курстық міндеттерді пысықтайды. Теңізшілер кәсіби шеберліктерін Армия халықаралық

ойындарының «Каспий теңізі» конкурсында жүлделі орын алумен дәлелдеп келеді.

Әскери-патриоттық тәрбие

Әскери теңізшілер елдің жас патриоттарын тәрбиелеу ісінде де белсенді. Ақтау қаласының орта мектептерінің оқушыларынан құралған «Жас мерген» және «Каспий тарландары» атты әскери-патриоттық клубтары бар. Балалар әскери істің қыр-сырын білуге құштар. Жеткіншектерге әскери кемелерді көрсетіп, таныстыру да патриоттық тәрбиенің бір үлгісі іспеттес. Болашақ ел қорғандары әскери теңізшілердің жарақтарымен, техникаларымен танысып, теңіздегі күнделікті әскери өмірден хабардар болады.

Кадрлар даярлау мәселесі

Кадрлар деңгейі айтарлықтай артты.

Әскери теңіз күштерінің офицерлері Ресейдің, Түркияның, Германияның, Қытайдың, Оңтүстік Кореяның, АҚШ-тың жетекші әскери оқу орындарында білімін жетілдіруде.

Әскери теңіз күштерінде оқу-жаттығу орталықтары құрылып, Ақтау мен Орал қалаларында келісімшарт бойынша әскери қызметшілерді әзірлейтін әскери кафедралар жұмыс істейді.

Келешек көкжиегі

Қазақстан Республикасына Каспий теңізінің ең ұзын теңіз жағалауы тиесілі. Соны өзгелерден қорғау, қол сұқтырмау, айбынын асыру жолында түрлі жоспарлар мен жобалар іске асырылары сөзсіз. Ол енді болашақтың еншісінде.

ҚР ҚМ Медиа орталығы
Қарлығаш АҚЫЛБЕК





Халықтың ғасырлар қойнауындағы тарихын білу, оны мұра ретінде жалғастыру, рухани байлық ретінде танып-білу – ұрпақ сабақтастығының көрінісі. Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларын сақтау, Ұлы даланың ұлы кемеңгерлерінің қайраткерлік еңбектерін дәріптеу өскелең ұрпақтың борышы деп атасақ, қазақ халқының қалыптасуындағы басты орынды иеленетін Қазақ хандығы кезеңін талдап-қарастырудың маңызы зор.

МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ - ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Тарихи деректер мен түрлі зерттеулер, сараптамаларды саралай келе, бізде Қазақ хандығының, жалпы қазақ халқының пайда болу тарихына байланысты мағлұматтар жетерлік. Біз бүгінгі жастардың өткен тарихты терең зерделеп, өткеннен сабақ алып, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруына басты назар аударудамыз. Дана халқымыз айтады: «Жеті атасын білмеген ер – жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмеген ел – жетесіз». Өткен тарихты білмейінше, нұрлы болашақ құру, бүгінгі күннің жетістігіне жету мүмкін емес. Сондықтан халқымыздың тарихына, халықтың қалыптасуында өзіндік орны бар тұлғаларға қатысты мәліметтерді жаңғыртып жазып отырудың артықтығы жоқ.

Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты бірден-бір танымал еңбек Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі екенін біз білеміз. Онда Қазақ хандығының құрылуы хиджра күнтізбесіне байланысты 1465-1466 жылдарға сәйкес келеді. Бұл дегеніміз Қазақ хандығына дейін қазақ халқы болмаған деген сөз емес. Тарих беттерінен белгілі қазақ даласында өмір сүрген ежелгі халықтар, кейінгі орта ғасырлардағы түркі мемлекеттері, моңғол шапқыншылығына дейін ұланғайыр аймақты иеленген Дешті қыпшақ мемлекеті Қазақ хандығының бастауы деп айтуға болады. Яғни, қазақ халқының тарихы тереңде жатыр. Ал, жалпы тікелей Қазақ хандығының пайда болуы XV ғасырдың бірінші жартысында Қазақстан



территориясында өмір сүрген Әбілқайыр хандығы мен Моғолстан мемлекетімен тығыз байланысты екендігі де айқын. Қазақ хандығының негізін қалаған қазақ хандары Керей мен Жәнібектің мемлекеттілік құрудағы салмақты үлесі бүгінгі ұлттық бірегейліктің жаңа әлемдік құрылымын құруда тарихи негіз болатындығына күмән жоқ.

Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы хандық дәуір деп аталатын тарихи кезеңде, яғни, қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек хандардан бастап Тәуке ханға дейінгі екі жарым ғасырдай созылған уақыт ішінде қазақ мемлекетін басқарған ірі тұлғалардың бүгінгі ұрпақ үшін тарихи маңызы айрықша. Қазақ хандығының құрылуы байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпаларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың

этникалық территориясын біріктіруде, қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтауда түбегейлі шешуші рөл атқарады.

Қазақ хандығын құрудағы ірі қайраткерлердің әрқайсының тарихта алатын орны зор, ендеше, нақтылы мақалада Қазақ хандығындағы тұлғалардың еңбектеріне тоқтала кеткеніміз орынды.

Қазақ хандығында XVI ғасырдың бірінші жартысында билік еткен Қасым ханның халқының сақталып қалуы мен кеңінен дамуындағы еңбегі жайында көптеген деректер жазылған. Қасым ханның сыртқы саясатындағы басты мақсаты Сырдария маңындағы қалаларды өзіне қосу болса, билік еткен жылдары ол өз шекарасын солтүстікте Орал өзеніне,



солтүстік-шығыста Балқаш өзеніне дейін кеңейтті. Сондықтан Қасым хан билігі кезінде моңғол шапқыншылығынан кейін алғаш рет қазақтың этникалық бірыңғай территориясы қалыптасты, яғни қазақ тайпалары бір мемлекетке бірікті. Қасым хан тұсында Қазақ хандығы дербес мемлекет ретінде Еуропа мен Азияға танылды. Қасым хан өмірден өткеннен кейін мемлекет саяси дағдарыста болды. Хандық территориясын қалпына келтіріп, аумағын кеңейтуде 1538 жылдан 1580 жылға дейінгі кезеңде келелі орынды иеленген оның ұлы Хақназар хан еді. Хақназар хан қазақ хандығына батыстағы Ноғай Ордасы тайпаларын өзіне қосты, Бұхар хандығымен келісім орнатты. Қырғыздарды бағындырды, Ташкентті бақылауда ұстап, сауда керуендерінің салық төлеуін талап етті. Хақназар ханды Иван Грозныйдың өзі ұлы хан деп танып, оған өз елшісін жібергендігі туралы мәліметтер де кездеседі. Мұнан біз Хақназар ханның ірі мемлекеттерде де беделінің зор болғандығын көреміз. Кейін 1582-1598 жылдары билік еткен Тәуекел ханға келсек, халқы үшін адал қызмет еткен қазақ ханы Сырдария аумағы үшін күрес жүргізгенін білеміз. Қазақ хандығының астанасын Түркістан қаласына көшіріп, Бұхар хандығымен жиырма жыл соғыс жүргізген, сыртқы саясатты табысты ұйымдастыруы арқасында Ташкентті өзіне бағындырып, мемлекет шекарасын кеңейткен Есім ханның тарихтағы орны айрықша десек, қазақ тарихындағы қасіретті жылдар – жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ хандары Жәңгір, Тәуке хандардың рөлі бір төбе деуге болады.

Жоңғар шапқыншылығына қарсы шайқастарда қазақ халқын жеңіске жетелеген ұлы хандар Әбілқайыр мен Абылай ханның еңбектері де тарихта тереңінен талданған. Абылай ханның сыртқы саясаттағы шеберлігі, Ресей мен Қытай сияқты алып мемлекеттермен жақсы қарым-қатынас орнатуы бүгінгі күннің де талабы деуге әбден болады. Бүгінгі таңда сыртқы саясатта біз Абылай ханның әдісін қолдана отырып, барлық мемлекеттермен бейбіт келісім жасау арқылы, өзіміздің қауіпсіздігіміз бен беделімізді сақтап келеміз. Мақаладағы біздің мақсатымыз – Қазақ хандығы тарихындағы барлық хандарды атап өту емес, біз тарихқа шолу жасай отырып, Қазақ хандығы қайраткерлерінің еңбектері мен ерліктерінен сабақ алу арқылы

тарихымыздың дәстүрлі жалғасын табуына үлес қосу. Тарихымызды талдай келе, қасиетті қазақ елінің әлемдегі тарихи болмысын айқындау. Ал ол Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегінде айтып өткеніндей, «Қазақ даласы, қазақ таулары – Оңтүстік пен Шығысты, Солтүстік пен Батысты байланыстырған ұлы мәдениеттің диалогының тоғысы» [1].

Біздің ойымызша, мемлекеттің құрылуы мен қалыптасу тарихын арнайы атаулы шаралармен айқындап отыру жүйелі түрде жүргізіліп отыруы шарт. Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың ұсынысымен 2003 жылы қабылданған «Мәдени мұра», 2014 жылы қабылданған «Халық тарих толқынында» бағдарламалары, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына негіз болып табылатын 2014 жылғы 31 желтоқсандағы «2015 жылы Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына арналған мерейтойды атап өтуге» бағытталған Қаулысы соның көрінісі деуге болады. Арнайы бағдарламалармен қатар, Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың ұлттық тарихты ұлықтауға бағытталған және жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде маңызы зор «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларының астын сызып атап өтуге болады. Н.Әбішұлының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «қазақтар кешегі Алтын Орданың тікелей мұрагерлері» деген сөзі талайды елең еткізді [2]. Сыртқы саясатта әлемге танылмал Ұлы көшбасшымыз Н.Назарбаев мақаласында мұндай тарихи деректерге бекер тоқталып отырған жоқ және тарихымызды таразылай келе, халқымыздың тамыры тым әріде, тереңде екендігін дәлелдеп отыр.

Жоғарыда атап өткен бағдарламалардың нәтижесіне тоқталсақ, халқымыздың тарихы жан-жақты зерделенді, ұлттық тарихи құнды деректер жаңартылды, алыс-жақын шет елдерден ұлттық тарихымызға қатысты деректер, мәліметтер, мұрагерлік құжаттар жинақталып, еліміздің тарихы толықтырылды. «Мәдени мұра» бағдарламасы кезең-кезеңмен 2003-2011 жылдары аралығында жүзеге асырылуы барысында барлық өңірлердегі тарихи ескерткіштер мен кешендерге қайта жаңарту жұмыстары жүргізілді, сондай-ақ археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде орта ғасырлардағы қалашықтардың орындары табылып, әрі қарай ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл дегеніміз – рухани, ұлттық

тарихымызды дамыту бағытындағы мемлекеттің мәдени-стратегиялық ұлттық жобасының іс жүзіне асырылуы [3].

Халықтың халық болып сақталып қалуындағы басты құрал, біріншіден, ұлттық тарихы, екіншіден, тілі, үшіншіден, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, мәдениеті десек, бүгінгі таңда бұл мәселелерге басты назар аударылуда. Соның бір көрінісі еліміздің Президенті Қ.Тоқаевтың Жошы ханның кесенесін зиярат етіп, халықаралық туристік форумда «Ұлытау аймағы міндетті түрде Қазақстанның туристер тарту картасының алдыңғы қатарында болуы тиіс. Бұрын жобаланған «Ұлытау» ұлттық табиғи паркін құру мәселесін жүзеге асыру керек. Биыл мұнда туристер үшін арнайы орталық салынуы тиіс», - деп атап өтті. Президент Қ.Тоқаев бұл сөздерде еліміздің туристік саласын дамыта отырып, халқымыздың тарихын шет елдерге танытуды басты мақсат етіп отыр. Бұл саладағы маңызды іс-шаралардың бірегейі Қасым-Жомарт Кемелұлының ұсынысымен 2020 жылы атап өтілген тарихи даталар – ұлы ғұлама әл-Фарабидің 1150 жылдығы және Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толуы мерейтойлары. Аталған тарихи даталарды қай жағынан алып қарасақ та, маңызы өте зор.

Мақаланы қорытындылай келе айтарымыз, қазақ мемлекеті ғасырлар бойы тарихтың әртүрлі сынына төтеп беріп, іргесі мықты, кең байтақ жері мен елі бай, дербес мемлекет құрды. Ал бүгінгі өскелең ұрпақ ұлан ғайыр даламыздың әр тілім жері үшін күрескен батыр бабаларымыздың алдында тағзым етуі тиіс және басты міндеті – бабалар құрған дербес мемлекеттің іргесін бұзбай, заманға сай еңсесі биік, рухы асқақ, тұғыры берік мемлекетті дамытып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдыру. Рухы биік халық қана ғасырдан-ғасырға ұрпағын үзбей жалғастырады ақиқат, сондықтан елдің жарқын болашағын жандандыру жастардың қолында екендігі баршаға аян.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамура, 1999. – 296 с.
2. Егемен Қазақстан. № 89. 21.11.2018.
3. Егемен Қазақстан. 12.04.2017. «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру».

Полковник Дархан ҮМБЕТОВ,
Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары

И НА ФРОНТЕ, И В ТЫЛУ

На протяжении всей Великой Отечественной войны Казахстан оставался надежным тылом и источником пополнения армии людскими ресурсами. В стране формировались десятки дивизий, бригад, отдельных частей, названия которых навсегда вошли в историю и связаны со знаковыми боями той войны. Представители республики сражались во всех сражениях Великой Отечественной, участвовали в освобождении стран Восточной Европы, Германии, находились в рядах сил Сопротивления во Франции. Города Казахстана вносили неоценимый вклад в приближение Победы, поставляя на фронт боеприпасы, обмундирование, продукты питания и многое другое. В этом номере мы публикуем исторические факты о вкладе в Победу трех городов страны – Нур-Султана, Алматы и Шымкента, взятые из книги Б.С. Измухамбетова и А.Б. Тасбулатова «Казахстан в годы Великой Отечественной войны»



Нур-Султан

К началу Великой Отечественной войны город Акмолинск (Нур-Султан) был областным центром Акмолинской области. Благодаря своим транспортным связям город был крупным мобилизационным центром.

Здесь были укомплектованы и обучены 29-я, 310-я, 387-я стрелковые дивизии и 106-я Казахская национальная кавалерийская дивизия. Из 9783 жителей города, ушедших на фронт, не вернулись до-

мой 7414 человек. 38 воинов-акмолинцев удостоены высокого звания Героя Советского Союза, семеро награждены орденами Славы трех степеней.

Созданная в июле 1941 года 310-я стрелковая дивизия геройски сражалась на подступах к Ленинграду – на Синявинских болотах и высотах, сражалась на побережье Балтийского моря в Восточной Померании. Освобождала Псков, Новгород, Польшу, принимала участие в Берлинской операции. Награждена ордена-

ми Красного Знамени, Ленина и позже переименована в 310-ю Новгородскую Краснознаменную стрелковую дивизию. Более 10 тысяч бойцов и командиров в ходе боев награждены орденами и медалями.

В июле 1942 года 29-я стрелковая дивизия была переброшена на Сталинградское направление, и бойцы сразу же оказались в самом пекле сражений за Сталинград.

Дивизии удалось нанести гитлеровцам большой урон как в живой силе, так и в технике. В ходе уличных боев с солдатами фельдмаршала Паулюса с 10 по 31 января 1943 года было уничтожено около 5200, взято в плен более 13 тысяч немецких и румынских солдат и офицеров, в том числе два генерала.

Летом 1943 года дивизия участвовала в сражениях на Курской дуге под Белгородом, прошла через тяжелые бои за города Харьков, Мерефа, Красноград, Кировоград. Она участвовала в освобождении от фашистов Румынии, Трансильвании, Венгрии, Австрии и Чехословакии.

Сформированная 387-я стрелковая дивизия 27 декабря под селом Троицкое Орловской области вступила в тяжелые бои с фашистами. К началу 1942 года 387-ю дивизию перебросили к Сталинграду, где она участвовала в разгроме немецкой группировки «Дон» генерал-фельдмаршала Манштейна.



Не только воинов готовил и отправлял на фронт Акмолинск. С самого на-

чала войны промышленность города перестраивалась на военный лад. В городе стали размещаться эвакуированные предприятия. За годы войны число промышленных предприятий выросло в 2,5 раза. Здесь появились заводы союзного значения. Это «Казахсельмаш» и завод №317. В 1941 году был эвакуирован насосный завод из Мелитополя. Значительно возросла пропускная способность Акмолинского железнодорожного узла. Это произошло за счет строительства новых путей и переоснащения паровозного парка.

Город стал местом приема депортированных народов. Только за первый год войны в Акмолинскую область прибыло около 68,5 тысячи человек, немалая часть которых осела в областном центре. Акмолинск стал местом лечения тяжелораненых солдат и офицеров, прибывших с фронтов Великой Отечественной войны. Открывались новые

больницы, в том числе поликлиника для инвалидов Великой Отечественной войны.

В годы войны жители города помогали фронту, собирали средства в фонд обороны страны. Так, на строительство танковой колонны и авиаэскадрильи жителями было собрано 3,7 миллиона рублей. На фронт тысячами тонн шли посылки с продуктами и теплыми вещами.

Алматы

С первого дня войны в военные комиссариаты, партийные и комсомольские организации поступили сотни заявлений от жителей Алма-Аты с просьбой зачислить их добровольцами в Красную армию.

Только за три дня после начала войны в два районных комиссариата города поступило более 600 заявлений с просьбой направить на фронт.

За неделю количество заявлений об



отправке на фронт по городу составило более двух тысяч. В Алма-Ате были созданы 4 призывных пункта, на которые непрерывно шли люди всех возрастов и профессий, представители разных национальностей.

В Алма-Ате было сформировано несколько стрелковых дивизий и бригад. Первой в июле 1941 года была сформирована 316-я стрелковая дивизия. Осенью ушли на фронт из Алма-Аты 39-я особая курсантская стрелковая бригада и 391-я стрелковая дивизия. В самом начале 1942 года из Алма-Аты в район боевых действий были отправлены 100-я казахская национальная бригада, 38-я стрелковая дивизия, 405-я стрелковая дивизия и 173-й гаубичный артиллерийский полк.

В декабре 1942 года – 662-й, 991-й и 992-й авиаполки, сформированные на материальной базе и укомплектованные кадрами Алма-Атинского аэроклуба. Более 76 тысяч алмаатинцев сражались во время Великой Отечественной войны, из них только 44 тысячи вернулись домой.

Алма-Ата в годы Великой Отечественной войны стала основным пунктом по размещению эвакуированных заводов, фабрик, а также эвакуированного населения.

В течение 1941-1943 годов здесь было размещено около 40 заводов, фабрик и цехов отдельных предприятий. В их чис-



ле Ворошиловградский паровозостроительный завод, машиностроительный завод имени Кирова, Карачаровский механический, отдельные цеха Московского и Харьковского авиационных заводов, Харьковский электротехнический завод, хлопкопрядильная, суконная, трикотажная, кондитерская фабрики. В рекордные сроки (в течение нескольких месяцев) эти предприятия вступали в

строй.

На выпуск оборонной продукции перешли швейные, суконная, меховая фабрики – они начали шить шинели, гимнастерки, брюки, белье, пилотки. Кожевенные предприятия стали выделывать овчину для изготовления полушубков и обуви. Обувная фабрика и артели перешли на выпуск армейских сапог, ботинок, валенок.

На базе эвакуированного в Алма-Ату оборудования Московской и Харьковской кондитерских фабрик была организована Алма-Атинская кондитерская фабрика.

В строй вступали все новые и новые предприятия, увеличивалось население. В 1942 году начал выпускать продукцию колбасный завод, а в 1943 году – чаеразвесочная фабрика. Механизированный хлебозавод выпускал 75 тонн хлеба, а сухарный цех – 18 тонн сухарей для фронта в сутки. Увеличил производственные мощности в 8 раз Алма-Атинский плододоконсервный комбинат. Консервный завод производил 25-30 тысяч условных банок консервов в сутки. Многие рабочие алмаатинские предприятия выполняли по 2-5 норм плановых заданий.

Велика роль в суровых буднях фронтового тыла – Алма-Аты, самого крупного города в республике и алмаатинцев, все силы свои отдавших приближению Победы в этой войне.





Шымкент

Значительный вклад в борьбе с нацистской Германией внесли жители Шымкента. Из военнообязанных Южно-Казахстанской области формировались военные подразделения, в том числе 102-я стрелковая дивизия, в рядах которой сражалось более 11 тысяч шымкентцев. Семеро человек были удостоены звания Героя Советского Союза.

В начале войны Чугуевская военная школа пилотов перебазировалась в город Чимкент. Менее чем через месяц было перевезено около 300 самолетов, оборудование, личный состав с семьями. До ноября 1942 года в нем служил инструктором сержант Иван Кожедуб, впоследствии генерал-полковник, летчик-истребитель, трижды Герой Советского Союза.

Во втором полугодии 1941 года школа выпустила 680 пилотов, а в январе 1942 года в составе курсантов было 2412 человек, в 1943 году было подготовлено 718 летчиков. В Чимкенте училище находилось три с половиной года – до мая 1945 года. Всего за годы войны школа подготовила более 2500 летчиков-истребителей. Свыше 160 из них были удостоены звания Героя Советского Союза.

Уже с первых месяцев войны город Чимкент стал принимать тысячи беженцев, десятки эвакуированных предпри-



ятий, учреждений. Работа промышленных предприятий, колхозов, учреждений была подчинена конкретной цели, объединившей жителей большой страны: «Все для фронта – все для Победы».

Чимкент поставлял фронту, стране в промышленных масштабах свинец, снаряды, уголь, хлопок, зерно, мясо, медикаменты, обмундирование, каракуль, мыло, масло, овощи, фрукты... Это был ощутимый вклад в арсенал Победы.

Первыми в Чимкент стали прибывать предприятия из Украины, юга средней полосы России. 18 октября 1941 года в город прибыло оборудование и рабочие эвакуированной из Харькова фабрики «Красный зеркальщик». Она была размещена в здании швейной мастерской.

В этом же месяце прибыл Киевский химико-фармацевтический завод имени Свердлова, который разместился на территории Чимкентского химфармзавода. 10 ноября 1941 года поступила первая очередь оборудования Харьковской чулочной фабрики.

В ноябре Чимкентский свинцовый завод принял и разместил на своей территории Подольский свинцово-прокатный завод, который стал новым цехом. С введением его в строй номенклатура продукции предприятия пополнилась свинцовыми трубами, прокатом, проволокой.

В конце 1941 года в Чимкенте встречали оборудование Воронежского завода кузнечно-прессового машиностроения. Предприятие разместилось на территории механического цеха свинцового завода. Оно начало выдавать продукцию уже в феврале 1942 года.

В числе других прибывших предприятий – Кременчугская городская электростанция, разместившаяся на территории маслоэкстракционного завода, швейная артель из Харькова.

Чимкентский химфармзавод бесперебойно поставлял фронту лекарственные препараты – морфин, кодеин, анабазин, сапонин и другие. На базе эвакуированного из Москвы алкалоидного завода в короткий срок было освоено производство обезболивающих препаратов: новокаина, омнопона, морфина, кодеина.

На оборудовании Киевского завода перевязочных материалов в 1942 году было выпущено и отправлено в госпитали и на фронт 25 миллионов бинтов. Всего же в годы войны заводчане выпускали продукцию 24 наименований.



БАСТЫ МІНДЕТ - ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚ

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Мұхамеджан Қадыржанұлы Таласов бастаған топ қызметтік іссапармен Үшарал гарнизонының әскери бөлімдерін аралап қайтты. Генерал-майор Мұхамеджан Таласов әскери бөлімдердің материалдық-техникалық қамтамасыз ету қызметінің күнделікті жай-күйіне аса мән берді. Тексеру барысында Қорғаныс министрінің орынбасары Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің 31767 «Г» әскери бөлімі командирінің майоры Дамир Қайратұлы Дюсембаевтың ағымдағы жағдай туралы баяндамасын тыңдап, батальонның штабын, асханасын және тыл қызметінің қоймаларын аралап көрді. Сонымен қатар, ол батальонның басқару пунктінің жауынгерлік жұмысы барысын көріп қайтты. Тексеру барысында барлық санитарлық-эпидемиологиялық сақтау шаралары сақталды.

Жұмыс кездесуінің соңында Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Мұхамеджан Таласов жеке құрамға алғысын білдіріп, әскери бөлімнің даңқын одан әрі асқақтата беруін тіледі. Біз де журналымыздың бүгінгі санында 31767 «Г» әскери бөлімі жайында кеңірек мәлімет бергенді жөн көрдік.

Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері бөлімдері мен бөлімшелерінің негізгі міндеттері еліміздің әкімшілік-саяси, өндірістік-экономикалық орталықтарын әуеде қорғау, әуедегі қарсыласпен күресу, құрлық әскерлерінің топтарын орналасқан орындарында және қозғалу бағыттарында, маңызы зор басқа да әскери нысандарды авиациялық соққыдан және қарсыластың әуедегі ұшқышсыз құралдарынан қорғану болып табылады. Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері бейбіт күндері де тәулік бойы жауынгерлік кезекшілік өткеру арқылы әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің сақталуын үздіксіз бақылайды. Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің бөлімдері мен бөлімшелерінің жұмыс күндері қашанда толассыз оқулар мен оқу атыстарына, сондай-ақ мемлекетіміздің әуе шеңберін қорғауға бағытталған жауынгерлік кезекшілік өткеру бойынша жауынгерлік міндетті орындау жұмыстарына толы. Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің бүгінгі жағдайы ауыз толтырып мақтанышпен айтарлықтай деңгейде. Мемлекет басшысының тікелей қамқорлығының арқасында Қазақстанның әуе кеңістігінің қорғаныс қабілеті арты, атап айтсақ, әскери бөлімдер мен бөлімшелерді басқару тиімді жолға қойылып, жауынгерлік қабілеті күшейді.

Әуе қорғанысы күштерінің алдында әуе шекарасын қорғау, мемлекеттік, әкімшілік және әскери нысандарды әуе шабуылынан қорғау, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа түрлері мен тектерін авиациялық қолдау жөніндегі



жауынгерлік міндеттері тұр.

Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің бір бөлімі Алакөл өңірінде орналасқан. 31767 «Г» әскери бөлімі жоғарыда аталған міндеттерді орындайтын бөлімдердің бірі болып табылады.

Бұл әскери бөлімнің тарихы сонау 1969 жылдың 12 желтоқсанында КСРО ҚК Генералдық штабтың директивасына сәйкес Талдықорған облысы, Алакөл ауданы, Обуховка ауылында 1965 жылдан бастап батальон болып құрылып, Алматы қаласында орналасқан бригадаға бағынған уақыттан басталады. Сол күннен бастап 12 желтоқсан 75565 әскери бөлімінің құрылған күні болып тарихқа енді.

Батальон құрылған күннен бастап әртүрлі жауынгерлік жаттығуларға

қатысып келеді. Өзінің алғашқы күндерінен бастап бөлімнің әскери қызметшілері белсенді жауынгерлік жұмысқа кірісті. Қазақстан армиясының санаулы әскери ұжымдары осындай бай да даңқты тарихымен мақтана алады. Осы бөлімнің әскери қызметшілері өздерінің әскери істерімен өздерінен бұрынғы тұлғалардың даңқты дәстүрлерін жалғастыруға тырысады.

Сол жылдары, яғни 1976 жылы батальон Сарышаған полигонында КСРО мемлекеттері арасында өткен Әуе шабуылы қорғаныс күштерінің жауынгерлік жаттығуларына қатысқан.

Бұл сияқты жаттығулар әрдайым қайталанып отырды. 1980 жылы батальон Чирчик қаласынан ауысып келген полктің құрамына енді. Ал, 1989 жылы батальон Үшарал

қаласына ауысып келіп, осындағы ұшқыштар құрамын дайындайтын авиациялық оқу орталығының құрамына енді.

Батальон мемлекет шекарасына жақын ерекше аймақ – киелі Алакөл ауданының Үшарал қаласына орналасып, өз тарихын осы жердің тарихымен тығыз байланыстырады.

2015 жылы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 75565 әскери бөлімі Семей қаласындағы 31767 әскери бөлімінің құрамына енді және 31767 «Г» әскери бөлімі деп атанды.

Қазіргі уақытта батальон Қазақстан Республикасының әуе кеңестігінің мемлекеттік шекарасын қорғау үшін әскери жауынгерлік кезекшілік атқарады.



Бүгінгі күнде жеке құрамның алдына қойылған бірден-бір мақсаты – жауынгерлік дайындық. Кез келген уақытта батальонның жеке құрамы тәулік бойы жауынгерлік кезекшілік атқарады, қандай да жағдай болмасын батальон жеке құрамы мен әскери техникасы тәуелсіз Қазақстанның әуе кеңестігін қорғауға дайын.

Жеке құрам ТМД елдерінің біріккен әуе шабуылы күштерінің жүйесінде өтетін «Жауынгерлік достастық» атты стратегиялық жаттығуларға жыл сайын қатысып келеді.

Қазіргі таңда 31767 «Г» әскери бөлімін Алматы қаласында орналасқан Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институтының 2009 жылғы түлегі, II, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарының иегері майор Дамир Қайратұлы Дюсембаев басқарады.

31767 «Г» әскери бөлімінің командирі Д.Дюсембаевтың басты міндеті – жеке құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін үнемі басты назарда ұстау, Отанға деген адалдық







пен мемлекет қауіпсіздігіне төнген қауіп-қатерге тойтарыс беруде ұдайы жоғары жауынгерлік әзірлікті сақтау екеніне аса мән береді.

Коронавирус пандемиясына байланысты сақтақ шараларын қатаң сақтауды жалғастырудың маңыздылығына да назар аударады.

Қазіргі таңда бұл әскери бөлімде оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде жоғары теориялық және әдіскерлік білімдері мен әскери тәжірибесі мол офицерлік құрам белсенді қызмет атқарады.

Бұл әскери бөлімде қызмет еткен офицерлер қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің түпкір-түпкірінде ел игілігі жолында жемісті еңбеке етіп, толағай табыстарға жетуде.

Бүгінде жастардың позитиві және Отан қорғаушылармен бір қатарға лайықты түрде тұруға құлшынып отырған құштарлықтары бізді ерекше қуантуда.

Қарулы Күштердің қай саласы болсын кез келген уақытта ұрысқа әзір тұруы шарт. Қапы қалған – жауға жем болады. Әрбір әскери қызметшінің жеке дайындығы, әскери бөлімдердің жауынгерлік деңгейі оқу-жаттығулар барысында анықталады.

Әрқашанда әр ұжымдың абыройын арттыратындар – сонда қызмет атқаратын кісілердің еңбегі. Бүгінгі таңда әскери бөлімде аянбай тер төгіп, тәуелсіз еліміз үшін еңбек атқарып жүрген майорлар Д.Калдабеков, Г.Бек, А.Мұқашевтар, 3-ші сынып-

ты сержант Б.Мырзаханов, аға сержант Е.Абдрахманов, сержанттар Ж.Жортанов, А.Саринов, Ж.Смағұлов, Е.Каупановтар, кіші сержанттар Л.Акманова, А.Нусуповалар, ефрейторлар А.Утебаева, Г.Тұрлыбекова, А.Ерденбеков, Ж.Қамзановалардың есімдерін айрықша атап өту орынды.

Жаңа оқу жылын «Ұлы дала әскері – Тәуелсіздік тірегі!» ұранымен бастаған 31767 «Г» әскери бөлімі биыл да әлеуетін арттырып, жауынгерлік әзірлігін шыңдары сөзсіз.

Капитан М.С.КАЛИУЛЛИН
31767 «Г» әскери бөлімі
командирінің тәрбие және
идеологиялық жұмыстарының
орынбасары



Ұлы дала әскері –
Тәуелсіздік тірегі!



2021

АЙЫБЫН

Республиканский
военно-аналитический журнал